

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы Ішкі
Істер Министрлігі 1993 жылғы 5
шілде N 253 Қазақстан
Республикасы Әділет
министрлігінің ведомстволық
нормативтік актілерді тіркеу
бөлімінде 1995 жылғы 26 мамырда
тіркелді. Тіркеу N 67. Күші
жойылды - Қазақстан
Республикасы Ішкі істер
министрінің 2015 жылғы 9
қазандағы № 830 бұйрығыменМинистерство внутренних дел Республики
Казахстан

ӨРТ КҮЗЕТІНІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖАРҒЫСЫ

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің
09.10.2015 № 830 бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрлігі өрт күзетінің
Жауынгерлік жарғысын бекіту
туралы

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі өрт күзетінің

Жауынгерлік жарғысы бекітілсін және күшіне енгізілсін (қоса тіркелген).

2. СССР Ішкі істер министрлігінің 1985 жылғы қарашаның 1-індегі N 211
бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

МИНИСТР

ішкі қызмет генерал-майоры

Өрт күзетінің жауынгерлік жарғысы өрт күзетінің бөлімшелері мен
гарнизондарының өрт кезіндегі жауынгерлік іс-қимылдарын ұйымдастыру және
жүргізу жөніндегі негізгі ережелерін белгілейді.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

Өрт бөлімшелерінің апат, тасқын, жер сілкінісі және басқа ерекше жағдайлардағы жауынгерлік қызметі. Сондай-ақ олардың басқа қызметтермен және ведомстволармен өзара іс-қимылы арнайы нұсқамалармен, ережелермен, нұсқаулармен айқындалады.

I бөлім

ЖАУЫНГЕРЛІК БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ӨРТТЕГІ ІС-ҚИМЫЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

I тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының өрт күзеті меншік және өрт сөндіру түріне қарамастан елді мекендерде шаруашылық жүргізу объектілерінде өрт қауіпсіздігі жағдайын заңда көзделген тәртіппен қадағалауды қамтамасыз етуі тиіс.

Өрт сөндіру өрт күзеті бөлімшелерінің жауынгерлік іс-қимылының негізгі түрі болып табылады. Ол өртті сөндіру және оның салдарын бәсеңдетуге бағытталған.

Өртте адамдарды құтқару, меншіктің барлық түрлерін және азаматтардың мүліктерін оттан қорғау - өрт күзетінің әрбір қызметкерінің қасиетті борышы.

2. Өрт күзетінің қызметкері тапсырылған іске адал, заңдардың, анттардың, бастықтардың бұйрықтарының дәл орындалуына жауапты болуға тиіс. Жауынгерлік іс-қимылды бар жан-тәнімен жүргізіп, бұл ретте батылдық, ерлік, инициатива, табандылық, тапқырлық, танытуы және объективті қалыптасқан жағдайларда дұрыс кәсіби тәуекел жасауы, жауынгерлік тапсырманы орындауға ұмтылуы тиіс.

3. Өрт күзеті жеке құрамының өрттегі негізгі міндеті адамдардың өміріне қауіп төнген жағдайда оларды құтқару және оны сөндіруге қажетті күш пен құралдарды жауынгерлік қанат жаюы кезінде сол қабылдаған көлемде өртті болып табылады.

4. Өртті сөндіруде:

- барлық командирлер мен өрт сөндірушілердің жоғары тактикалық шеберлігімен, белсенді, табанды іс-қимылдарымен, тәртіптілігімен;
- шешуші бағытты дұрыс анықтаумен;
- шешуші бағытқа күш пен құралдарды дер кезінде шоғырландыру және енгізумен, оларды шебер басқарумен;
- бөлімшелері осы заманғы өрт техникаларымен және өрт-техникалық құралдарымен қамтамасыз ету арқылы табысқа қол жеткізіледі.

II тарау

БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ІС-ҚИМЫЛДАРЫ

Күштер және құралдар

5. Жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін мынандай күштер қолданылады:

- өрт күзеті аппараттарының, бөлімшелерінің, оқу орталықтарының, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі өрт-техникалық оқу орындарының жеке құрамдары;
- ведомстволық өрт күзетінің жеке құрамы;
- ерікті өрт дружиналарының мүшелері, ведомстволық бағышытылығына қарамастан апат-құтқару қызметтерінің командалары мен өртке қарсы құрылымдары;
- ішкі істер органдарының басқа бөлімшелерінің жеке құрамдары;
- әскери бөлімшелердің жеке құрамдары;
- ұйымдастырылған тұрғындар.

Өрт бөлімшелерінің жеке құрамы жауынгерлік тапсырмаларды орындауда басты және шешуші күш болып табылады.

6. Өртте жауынгерлік іс-қимылды қамтамасыз ететін құралдар:

- өрт техникасы (машиналар, өрт сөндіру қондырғылары, өрт-техникалық құралдары және басқалары);

- өрт сөндіру мақсатына арнап лайықталған және қайта жабдықталған халық шаруашылығының су беретін және басқа техникасы;

- от сөндіргіш заттар (су, көбік, ұнтақтар, ингибиторлар және басқалары);

- байланыс және жарлық беру құралдары;

- ведомстволық бағыныштылығына қарамастан көлік және өрт-техникалық құралдары саналады.

7. Қызметіне қарай өрт машиналарға негізгі (сөндіру) арнайы және қосалқы машиналарға бөлінеді.

8. Негізгі машиналарға от өшіретін заттарды (суды, көбікті, ұнтақты, инертті газдарды, басқа заттар мен қоспаларды) жану аймағына беруге арналған машиналар жатады.

Негізгі өрт автомобильдері жалпы қолданылатын автомобильдерге (қалаларда және елді мекендерде өрт сөндіруге арналған) және мақсатты қолдану автомобильдеріне, (мұнай қоймаларында, химия өнеркәсібі орындарында, әуежайларда және тағы басқа жерлерде өрт сөндіруге арналған) бөлінеді.

9. Арнайы машиналарға өртте арнайы жұмыс жүргізуге арналған: апат-құтқару автомобильдері, жеке құрамды жоғарыға көтеруге арналған, байланыс және жарық беруді қамтамасыз ететін, конструкцияларды ашуға және бөлшектеуге, түтінмен күреске, материалдық құндылықтарды қорғауға, күштерді және құралдарды басқаруды қамтамасыз етуге, су тарамы желілерін салуға және тағы басқаларға арналған машиналар жатады.

10. Көмекші машиналарға: автомобильдерге жанармай құятын, жылжымалы автомобиль жөндеу шеберханалары, автобустар, жеңіл, жүк автомобильдері, сондай-ақ көмекші жұмыстарды атқару үшін өрт бөлімдерінің жарақтануына енгізілетін тракторлар мен басқа да техникалар жатады.

11. Өрт автомобиль цистернасы немесе өрт автомобиль насосы бар бөлімше - адамдарды, материалдық құндылықтарды, өрт сөндіру жөніндегі жеке тапсырмаларды өз бетінше орындай алатын алғашқы тактикалық бөлімше болып саналады.

12. Негізгі өрт автомобильдеріндегі екі немесе одан да көп бөлімшелі күзет - өздерінің тактикалық мүмкіндіктеріне сәйкес жауынгерлік тапсырмаларды өздігінше шеше алатын өрт күзетінің негізгі тактикалық бөлімшесі болып саналады.

13. Өртте байланыс радиостанциялармен, телефондармен, мегафондармен, дауыс ұлғайтқыш қондырғылармен, сөйлесетін құралдармен және тағы басқалармен қамтама-бильдерінде алып жүрілетін аппаратуларымен және қондырғылармен қамтамасыз етіледі.

14. Өртте жарық беру негізгі және арнайы өрт автомосыз етіледі.

15. Өндірістің технологиялық процесінің, алға қойылған міндеттердің жағдайы мен ерекшеліктеріне байланысты өрт күзетінің гарнизондары осы тарауда көрсетілмеген өрт техникасын қолдана алады.

Жайылу және жол жүру

16. Өрт бөлімшесі шақыру орнына ең қысқа мерзімде жетуге міндетті, бұл:

- мекен-жайды анық қабылдаумен, өрт бөлімшелерін жіберу жөніндегі диспетчердің дұрыс және шапшаң іс-қимылдарымен;

- жауынгерлік құрамды дабыл бойынша шапшаң жинап және бөлімшенің ең қысқа жолмен жүруі арқылы қамтамасыз етіледі.

17. Жол үстінде бөлімшенің аға бастығы байланыс құралының орталық торабымен (БҚОТ) немесе бөлімнің жоқтығы туралы мәлімет алған кезде өрт бөлімшесі аға байланыс пунктімен (ББП) үздіксіз байланыс ұстап отыруға міндетті.

18. Жол үстінде өрттің сөндірілгендігі немесе оның бастықтың, АСПТ қызметкерінің, БҚОТ диспетчерінің қайта оралу туралы нұсқауы, болған жағдайдан басқа уақытта болған жерге келуге міндетті.

19. Жол үстінде басқа өртті байқаған кезде бөлімшені басқарушы бастық оны сөндіруге күш пен құралдың бір бөлігін бөлуге және осы өрттің орны мен қабылданған шешім туралы БҚОТ-қа немесе ББП-ға қолма-қол хабарлауға міндетті.

20. Жол үстінде бастапқы өрт автомобилі тоқтауға мәжбүр болған жағдайда оның соңындағы автомобильдер тоқтайды және одан арғы қозғалысты тек өрт бөлімшесін басқарушы бастықтың нұсқауы бойынша жалғастырады. Екінші немесе одан кейін келе жатқан автомобиль тоқтауға мәжбүр болған жағдайда қалғандарды кідірместен өрт болған жерге қарай жүре береді.

Бөлімше өздігінше жүруі кезінде және автомобиль тоқтауға мәжбүр болғанда бөлімше командирі БҚОТ-қа немесе ББП-ға хабарлайды, сөйтіп аға бастықтан нұсқау күтеді.

Жол-көлік оқиғасы кезінде бөлімшенің аға бастығы жолда жүру ережесін басшылыққа алады.

Өрт автомобилінің мәжбүр болған тоқтауы туралы барлық жағдайларда БҚОТ-қа және ББП-ға хабарланады.

21. Өрт бөлімшесін басқарушы бастық өрт болған жерге темір жол, су немесе әуе көлігімен барар жолда тиісті министрліктердің нұсқау талаптарын басшылыққа алуға және:

- автомобильдердің сақталуын (әрбір автомобильмен бірге жүргізуші болады және қажет болған жағдайда күзетші қойылады);
- автомобильдерді орнықтырудың сенімділігін;
- жеке құрамды орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Өртті барлау

22. Өртті барлау бөлімшенің өртке шығуы сәтінен бастап оны сөндіргенге дейін үздіксіз жүргізіледі.

Барлаудың мақсаты - жағдайды бағалау үшін өрт туралы мәлімет жинау және жауынгерлік іс-қимылды ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдау.

Барлаудың табыстылығы оны дер кезінде және үздіксіз жүргізуге, мәліметтердің дәлдігіне, іс-қимылдың белсенділігіне және мақсаттылығына байланысты.

Барлау мәліметтерін алудың негізгі тәсілдері: бақылау (байқау), билетін адамдардан сұрастыру және құжаттармен танысу болып табылады.

23. Барлау:

- адамдарға қауіптің барлығын, олардың нақты орнын, құтқарудың жолдары мен тәсілдерін;

- ненің жанғанын, өрттің орны мен көлемін, өрттің таралу жолдарын;

- күш пен құралдарды енгізудің мүмкін болатын жолдары мен бағыттарын;

- жарылу, улану, құлау қаупін, жеңіл өртенетін заттардың, қуатта тұрған электр қондырғыларының бар екенін;

- мүліктер мен материалдарды басқа жаққа әкетудің, сондай-ақ оларды оттан, түтіннен және судан қорғаудың қажеттігін;

- конструкцияларды ашу және бөлшектеудің қажеттілігі мен орнын;

- таяу жердегі су көздері және оларды пайдаланудың жолдарын;

- өрт сөндіру қондырғыларының барлығын, оларды іске қосудың тәртібін анықтауға міндетті.

Барлау барысында, жағдайда байланысты, басқа да міндеттердің шешілуі мүмкін.

24. Жұмыс участогінде барлауға өрт сөндіру басшысы (ӨСБ), оның тапсыруымен басқа да адамдар, әрбір командир және өртті сөндіруге қатысушылар басшылық етеді.

25. Барлау құрамына:

- ӨСБ және байланысшы, егер өртке бір бөлімше келсе;

- ӨСБ, бірінші бөлімшенің командирі және байланысшы, егер екі және одан да көп бөлімше келсе, енеді.

26. Әртүрлі бағыттарда барлау жүргізу қажеті болған жағдайда бірнеше барлау топтары құрылады, әрбір топты бөлімше командирінен лауазымы кіші емес адам басқарады және кемінде екі адамнан тұрады. Ал барлауды оқшаулаушы противогаздар киіп жүргізгенде үш адамнан кем болмайды.

27. Жанып жатқан үйде қалған адамдар туралы мәлімет болған жағдайда, зардап шеккендерге көмек көрсету мақсатында барлау құрамы күшейтілуге тиіс.

28. Бір мезгілде бірнеше бағыт бойынша барлау ұйымдастыру кезінде ӨСБ:

- аралас, жоғары және төмен орналасқан жайларға бір мезгілде барлау жүргізуді ұйымдастыруға;

- барлау топтарының санын, оның құрамын және іс-қимыл ауданын анықтауға;

- ақпарат берудің ретін белгілеуге;
- өрттің аса күрделі және жауапты участогінде өзі барлау жүргізуге;
- өрт-техникалық құралдарының түрін, сондай-ақ әрбір барлау топтарының жеке құрамы үшін қауіпсіздік шараларын белгілеуге және көрсетуге міндетті.

29. Барлау жүргізуші:

- барынша тиімді, қысқа және қауіпсіз жолын пайдалануға;
- қолдағы бар техникалық құралдарды, құжаттарды, құрылыстың конструкциялық ерекшеліктері мен жобаларын, технологиялық процесті және өндіріс құралдарын білетін адамдардың мәліметтерін пайдалануға;
- адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды қауіпсіз аймаққа шығаруға, зардап шеккендерге шұғыл көмек көрсетуге;
- от пен түтіннің таралуына барлық мүмкін болған құралдармен шектеу қою шараларын қолдауға, жану ошағын тапқан кезде оны сөндіруге кірісуге;
- материалдық құндылықтар мен жабдықтарды зақымдаудан сақтау жөніндегі шараларды қолдануға;
- от пен түтіннің мүмкін болатын таралуы жолында орналасқан жайларды ашуға және тексеруге;
- ӨСБ-мен, өрттегі шұғыл штабпен барлау нәтижелерін баяндай отырып, тұрақты байланыс ұстауға міндетті.

30. Жану белгілері анықталған жағдайда барлау шлангі жүйелерін пайдалану арқылы жүргізіледі.

31. Барлау жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында:

- өзімен бірге құтқару және өзін-өзі құтқару құралдар, конструкцияларды ашуға және бөлшектеуге қажетті құралдары, жарық беру жабдықтары, байланыс құралдары, оқшаулау противогаздары, ілмешектер мен өрт сөндіру құралдары болуы керек;
- түтінді жайлардың кіре берісіне газ бен түтіннен қорғау қызметінің (ГТҚК) қауіпсіздік бекетін қоюды және онымен тұрақты байланыс ұстау;

- газ бен түтіннен қорғаушылардың резервін құру, оқшаулау
противогаздарымен жұмыс істейтін жеке құрамды әлсін-әлсін айырбастауды
қамтамасыз ету;

- жүрген жолды еске сақтау;

- өрттің және қызған газдардың мүмкін болатын шарпуынан күйіп қалудан
сақтану үшін есікті пайдаланып жанған жайға апаратын есікті еппен ашу,
жанатын және жеңіл жанатын сұйықтар, қопарылыс қауіпі бар және жеңіл
жанатын заттар мен жанатын газдар болуы мүмкін жайларда ашық отты
пайдаланбау;

- жоғары кернеулі электр қондырғыларымен жабдықталған жайларға және
қопарылыс, улану немесе радиоактивті зиян шегу мүмкін болатын жайларға осы
жайлар үшін белгіленген барлық сақтық шараларын қабылдағаннан кейін ғана
және осы жайларға қызмет көрсететін техникалық қызметшілердің жазбаша
түрдегі рұқсаты болған күнде ғана кіру;

- құрылыс конструкцияларының, құрылыс және технологиялық
құралдардың мүмкін болатын құлаулары және басып қалуларынан сақтық
шараларын қадағалау, әдетте берік қабырғаларды немесе терезе ойындары бар
қабырғаларды жағалап қозғалу қажет;

- мақсаты мен конструкциясына қарамастан лифттерді пайдалануға тыйым
салынады.

Жауынгерлік қанат жаю

32. Жауынгерлік қанат жаю адамдарды құтқару мен басқа орныға көшіру
жөніндегі жұмыстың қалыпты барысын бұзбауы тиіс.

Шлангы жолдарын жүргізу және өрттің ортасына өту үшін барлық кіретін
және шығатын жерлерді, тұрақты сатыларды пайдалану қажет. Мүмкіндігінше
адамдары басқа орынға көшірудің (көшіру аяқталғанға дейін) негізгі
жолдарын ұстамау керек.

33. Жауынгерлік қанат жаю мынандай кезеңдерден тұрады:

- қанат жаюға әзірлік;

- алдын ала қант жаю;

- толық қанат жаю.

34. Қанат жаюға әзірлік бөлімше өртке келісімен барлаумен бір мезгілде жүргізіледі және оған мыналар енеді:

- соратын шлангалармен қосып өрт автомобилін су көзіне орналастыру және суды насосқа тарту;

- өрт-техникалық жарақтарын бекіткен орындарынан алу;

- жер жағдайына байланысты басқа да әзірлік іс-шараларын жүргізу.

35. Автоцистернаны қанат жаюға әзірлеу (оны су көзіне орнатпастан):

- насосы жұмыс жағдайына келтіруден;

- оқпанды шлангы жолдарын насостың қысым түтікшесіне жалғастырудан тұрады.

36. Өрт болған жерге келген бөлімшенің алдын ала қанат жаюы сырт көріністер бойынша магистральдық шлангы жолдарын жүргізудің бағытын анықтау мүмкін болған кезде немесе келген өрт бөлімшесін күтіп алу үшін бөлінген адам көрсеткен жағдайда жүргізіледі. Алдын ала қанат жаюға:

- 34- бапта көзделген жұмыстарды атқару;

- магистралдық шланг жолдарын және тарам қондырғыларын жүргізу, тарамдарға қысым шлангаларын, оқпандарын, сатыларды жеткізу және басқа да өрт сөндіру үшін қажетті өрт-техникалық жарақтар енеді.

37. Толық қанат жаю жағдайға байланысты бөлімше өртке келісімен бірден, сондай-ақ әзірліктен немесе алдын ала қанат жаюдан кейін болуы мүмкін.

38. Жауынгерлік қанат жаю кезінде оқпаншылар өз позицияларына қысқа және барынша қауіпсіз жолдармен шығады.

Егер жолда кедергілер болса, командир кедергілерді алудың (ашу, конструкцияларды бөлшектеу) шараларын қолданады немесе өрт басқалардың көмегімен басқадай жолдар арқылы позицияға шығуды қамтамасыз етеді.

39. Жауынгерлік қанат жаю кезінде өрт автомобильдері мен өрт-техникалық жарақтары:

- келіп жатқан күштер мен құралдарды орналастыруға кедергі келтірмейтіндей;

- қажетті учасқтарда, күштер мен құралдарды шапшаң шоғырландыруды қамтамасыз етуге;

- шланг жолдарының сақталуын қамтамасыз етуге, өрт орнында мүмкіндігінше жүз метр көлемінде көше қозғалысын қиындатпауға;

- резервтегі техникалардың тұрақ орындарын қамтамасыз етуге және басқа өртке өтуіне кедергі келтірмейтіндей болып орналасуы тиіс.

40. Жауынгерлік іс-қимылды қамтамасыз ету үшін жағдайға байланысты өртте қол сатылары, автосатылар және автокөтергіштер қолданылады.

Өрт сатылары өрт қаулаған кезде жану аймағында қалмайтындай немесе от бөліп тастамайтындай етіп орнатылады.

Өрт сатыларын от лаулаған терезеге қарсы орнату су шашумен бір мезгілде жүргізілуге рұқсат етіледі.

41. Өрт сатыларын жаңа позицияларға апарып қою тек онымен көтерілген жеке құрам бұл туралы хабарланғаннан кейін және оған қайтар немесе басқа позицияға өту жолы көрсетілгеннен кейін ғана жүргізіледі.

Өртте адамдарды құтқару

42. Құтқару жұмыстары мына жағдайларда ұйымдастырылады және жүргізіледі:

- адамдар тұрған жерге от, жоғары температура, жарылу немесе конструкцияның құлау қаупі төнгенде, немесе жайдың іші түтінмен немесе зиянды газдармен толғанда;

- адамдар қауіпті жерден өздігімен кете алмайтын немесе үрей билеген жағдайда;

- басқа жерге көшіру жолдарына от пен түтіннің таралу қаупі болғанда;

- адамдардың өміріне қауіпті от сөндіретін заттар мен құрамдар қолданылатын жағдайда.

43. Өртте адамдарды құтқару, әдетте, өртті сөндіру үшін күш пен құралдардың қанат жаюымен бір мезгілде жүргізіледі.

Егер адамдарға от тікелей қауіп төндірсе және құтқару жолдары кесілсе немесе оны от бөгейтін болса адамдарды қауіпсіз құтқару жағдайын қамтамасыз ету үшін сумен атқылау міндетті.

Егер адамдарды құтқару және өртті сөндіру жөніндегі жұмыстарды бір мезгілде өткізу үшін күш пен құрал жеткіліксіз болса, адамдарды құтқару үшін өрт бөлімшелерінің жеке құрамы толық пайдаланылады және қосымша күш пен құрал шақырылады.

Егер өртке жеткілікті мөлшерде күш пен құралдар келсе және адамдардың өміріне тікелей төнген қауіп болмаса, ал ӨСБ оттың таралу жолдарына қойылған күштермен және құралдармен өрттің тез сөндірілетініне сенімді болғанда, бөлімшенің іс-қимылы үрейдің алдын алуға, сонымен бірге өртті сөндіруге бағытталады.

44. Адамдарды құтқару үшін қысқа және қауіпсіз жолдар:

- негізгі кіретін жерлер мен шығатын жерлер;
- қосымша шығатын жерлер;
- терезе ойықтары, балкондар, лоджиялар мен галереялар, бұл ретте тұрақты және қол өрт сатылары, өрт автосатылары, автокөтергіштер және басқа құтқару құралдары пайдаланылады;
- егер төбе жапқыштардан үйден шығуға немесе оның қауіпсіз бөлігіне өту мүмкін болса оның люктері;
- өрт сөндірушілер жасаған төбедегі және қабырғалардағы, ішкі қабырғалардағы ойықтар пайдаланылады.

Өрттегі жағдай мен көмекті қажет ететін адамдардың ахуалына байланысты ӨСБ адамдарды құтқарудың тәртібі мен тәсілдерін анықтайды.

45. Адамдарды құтқарудың және басқа орынға көшірудің негізгі тәсілдері:

- адамдардың қауіпсіз бағытқа өздігінен шығуы;
- құтқару жолдарын түгін алғанда немесе құтқарылушылардың қауіпті аймақтан өздігінен шығу мүмкіндігіне жағдайы мен жасы мүмкіндік бермегенде (балалар, аурулар, қарттар) басқа орынға көшірілушілерді өрт сөндірушілердің көмегімен шығару;
- өздігінен жүріп-тұруға мүмкіндігі жоқ адамдарды алып шығу;

- құтқару жолдарын от немесе түтін бөліп тастаған және құтқарудың басқа тәсілдері мүмкін болмаған кезде құтқарылушыларды тұрақты және қол өрт сатыларымен, автосатылармен және автокөтергіштермен, техникалық құтқару құралдарының көмегімен (жеке құтқару шлангілері және басқалар) түсіру болып табылады.

46. Құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде:

- ішкі хабарландыру жүйесін және басқа құралдарды пайдаланып үрейленуді болдырмау жөніндегі шараларды қолдану;

- әкімшілікті, қызмет көрсететін адамдарды, ерікті өрт жасақтары мүшелерін тарту;

- медициналық жедел жәрдемді шақыру қажет, ол келгенше зардап шеккендерге алғашқы көмекті өрт бөлімшелерінің жеке құрамының күшімен көрсету;

- құтқарылғандарды орналастыру үшін орындар қарастыру қажет.

47. Егер адамдары бар орындар туралы мәлімет болса және құтқарушылар оларды сол жерден таба алмаса, адамдар болуы мүмкін деген барлық түтіндеген және жанған үймен көрші барлық жайларды ұқыпты қарап тексеру қажет.

Адамдарды іздестіру тек құтқаруды қажет ететіндердің жоқ екендігі анықталғаннан кейін ғана тоқтатылады.

Өртті сөндіру

48. Өртті сөндіру кезінде:

- көмекті қажет ететін адамдардың көп болуы және олардың арасында үрей тууы;

- жайлардың күрделі жобалануы;

- конструкциялардың қуыстары, арналар, пневмотранспорт жүйелері бойымен, терезе қуыстары, лоджиялар, балкондар арқылы, жанатын материалдар бойымен, тік, сондай-ақ көлбеу бағыттағы технологиялық құралдар арқылы оттың таралуы;

- температураның тез өсуі және ашық саңлаулар бағытымен өртті ағыстарының ауысуы

- заттар мен материалдардың ыстықтан бұзылуы нәтижесінде газды ауаның және булы ауаның пайда болуы;

- түтіннің, ұлы өнімдердің бөлінуі және олардың тез таралуы;

- электр кернеуінде тұрған жабдықтардың болуы;

- қысымда тұрған балондардың, ыдыстардың, аппараттардың қопарылыстары;

- үйдің, құрылыстың, технологиялық жабдықтардың конструкциялық элементтерінің бүлінуі және құлауы.,

- үйлерде материалдық, ғылыми және басқа да құндылықтардың көп мөлшерде болуы;

- радиоактивтік және бактериологиялық залалданудың болуы мүмкін.

49. Өрттің өршуін шектеу және оны жою:

- қажетті көлемдегі күш пен құралдарды іс-қимылға шоғырландыру және енгізу арқылы;

- су атқылаушылардың позицияға тез ығуы және олардың орынды іс-қимылдары арқылы;

- су сөндіргіш заттарды тоқтаусыз беріп тұру арқылы қол жеткізіледі.

50. Өртті ойдағыдай сөндіру көбіне шешуші бағытқа бірінші оқпанды дер кезінде іске қосуға (беруге) байланысты болады.

51. Өрттегі жалынды сөндіруге:

- жанып жатқан материалдардың үстіне салқындататын от сөндіруші заттармен әрекет ету;

- жанып жатқан аумақта немесе оның төңірегінде жанбайтын газ немесе бу ортасын жасау;

- жану аймағы мен жанып жатқан материал немесе ауа арасында от сөндіруші заттар мен материалдардан тұратын ажыратушы қабат жасау;

- жану реакциясын химиялық тежеу арқылы қол жеткізіледі.

52. Жауынгерлік іс-қимылдың шешуші бағыты болып өртте адамдарға қауіп төнген, оттың барынша шапшаң таралуынан жарылыс болу қаупі бар және сол кезде өртті сөндірудің табысын қамтамасыз етуі мүмкін бағыт болып табылады.

Шешуші бағыттарға күш пен құралдарды шоғырландырғаннан кейін күш пен құралдар басқа бағыттарда іске қосылады.

53. Өртте жауынгерлік іс-қимылдың шешуші бағыты мына төмендегі принциптерге қарай анықталады:

- өрттің қауіпті факторлары адам өміріне қауіп төндірген және су атқылағыштарды енгізбейінше оларды құтқару мүмкін емес кезде - күш пен құралдар құтқару жұмыстарын қамтамасыз ету үшін шоғырландырылады;
- жарылу қаупі туған кезде - күш пен құралдар бөлімше әрекеті жарылысты болдырмауды қамтамасыз ететін жерлерге шоғырландырылады және енгізіледі;
- жану объектінің бір бөлігін қамтыған және ол оның басқа бөліктеріне немесе көрші құрылысқа тарайтын кезде - күштер мен құралдар оттың одан әрі тарауы айрықша зиян келтіруі мүмкін учаскелерге шоғырландырылады және енгізіледі;
- жану оқшау тұрған үйді (құрылысты) қамтыған және оттың көрші объектілерге таралу қаупі жоқ кезде - негізгі күштер пен құралдар айрықшша күшті жанып жатқан жерлерге шоғырландырылады және енгізіледі;
- жану айтарлықтай құндылығы жоқ үйді қамтыған, сөйтіп жақын тұрған объектіге қауіп төндірген кезде - негізгі күштер мен құралдар жанбаған үй (құрылыс) жағынан шоғырландырылады және енгізіледі.

54. Өртті өшіру үшін алғашқы шақыру бойынша келген күштер мен құралдар жетіспеген кезде, жауынгерлік тапсырманы қысқа мерзімде орындау үшін қосымша осындай көлемде күштер мен құралдар шақыру қажет, бұл жағдайда қосымша күштер мен құралдар келгенше бірінші өрт бөлімшелері өртті өршітпеу жөніндегі шараларды қолдануы тиіс. Күштер мен құралдар жетпеген жағдайда өртті сөндіруге өрт күзетінің жақын жердегі гарнизондарын, ерікті өрт жасақтарын, өндірістік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының апат-құтқару қызметтерін, тұрғын халықты және әскери бөлімдерді тарту қажет, өртке қарсы ажырату алаңын жасау мақсатында конструкцияларды немесе құрылыстарды бөлшектеуді ұйымдастырады.

55. Жанған және онымен аралас жайларда түтіннің, газдың болуы өртті сөндіру жөніндегі жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуге тиіс, бұл үшін өртті сөндірумен қатар жайдың ішінен түтін мен газды шығару жөніндегі шараларды қолдану керек.

56. Күзет (бөлімше) өзі тұрғын жауынгерлік учаскеден тек ӨСБ немесе жауынгерлік учаске бастығының рұқсатымен ғана кете алады.

57. Өртті сөндіру үшін тиімді өрт сөндіруші заттарды (көбікті, ұнтақтарды, ерітінді суларды және басқаларды) және бірінші кезекте ішкі өрт су құбырын, өрт сөндірудің тұрақты қондырғыларын іске қосу қажет.

58. Тыныс алуға жарамсыз орта болғанда сөндіру жөніндегі жұмыс оқшаушы противогаздар арқылы жүргізіледі, түтін сорғыштар және жарық беру құралдары қолданылады, көбік немесе су шашу арқылы жоғары температураны төмендету жөнінде шаралар қолданылады.

59. Үйдің жанып жатқан конструкциясы бөлігінде және оның астында жауынгерлік құрамның жиналып қалуына жол берілмейді.

60. Жер астындағы құрылыстардың өртін сөндіру кезінде су соратын-шлангтың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін су сорғыштағы қажетті қысым құрылыс негізінің тереңдігін есептей отырып азайтылуы тиіс.

61. Қосалқы магистральдық жолдары шешуші бағытта жұмыс істеп тұрған оқпандарға қарай бірінші кезекте салу керек.

62. Құрылыс конструкцияларының жағдайын бақылап және оларды жоғары температураның әсерінен, бірінші кезекте фермаларды, тораптарды, тіреулерді және тағы басқаларын сақтау керек.

63. Қажет болған жағдайда жарық беретін электр жүйесі қуатын және газ өткізгіштерді өшірудің шараларын қолдану қажет.

64. Конструкциялардағы қуыстарды, технологиялық, желдеткіш, қоқыс тастайтын және басқа арналарды олардың ұзына бойына тексеру керек.

65. Өршіген өртті сөндіруге "А" оқпаны және лафетті оқпандар беріледі, өрттің басылуына қарай кіші көлемді оқпандарға ауыстырылады.

66. Құрылыс конструкциясындағы қуыстарда және желдеткіш арналарда жану болғанда "Б" су оқпандары және көбік оқпандарды беріледі: үй конструкциясын бөлшектеу ұйымдастырылады.

67. Жанған жерлерге су айдау үшін "Б" оқпаны беріледі, ішкі өрт крандары пайдаланылады.

68. Бірінші автоцистерна, әдетте, өртке жақын жерге қойылып, оқпаны шешуші бағыттарға беріледі, келесі автоцистерналар (автосусорғыштар) магистральдық жолдарын өрт орнына қарай созып, су көздеріне жақын орнатылады.

Автоцистернадағы су таусылғаннан кейін оқпан су көзіне орнатылған өрт машинасынан жүргізілген су тарту жолдарына қосылады.

69. Су айдағыш арқылы су берген кезде қажетті өрт машиналарының саны, шланг жолдарын жүргізудің тәсілдері мен жолдары анықталады, шланг жолдарын салу үшін бірінші кезекте шлангті автомобильдер мен шланг катушкалары пайдаланылады.

Барынша күшті су сорғышы бар өрт автомобилі су көзіне орнатылады да одан өрт орнына шланг жолдары тартылады, ал қуаты аз су сорғышы бар өрт автомобилі өртке жақын жерге орналастырылып, одан бір мезгілде су көзіне және өрт орнына шланг жолдары тартылады.

70. Жанған жайды көбікпен толтыру кезінде ӨСБ:

- көбікпен толтырылуға тиісті жайдың көлемін;
- көбіктің ағуына кедергі келтіретін түйісу орындарын анықтауы;
- қажетті көлемдегі көбіктендіргіш, көбік оқпандары санын және олардың орнатылатын орындарын анықтауы;
- белгіленген бағытта көбіктің ағуына жағдай жасайтын түтін сорғыштардың орындарын анықтауы керек.

71. Мекенжайға көбік берген кезде:

- көбік оқпандарын жану деңгейінен жоғары орнату;

- түтін сорғыштарды және басқа желдеткіш агрегаттарды көбік оқпандары орнатылған жерден қарсы жаққа орналастыру және жану өнімдерінен қашық жерде жұмыс істеу;

- жайды көбікпен толтырғаннан кейін газ бен түтіннен қорғаушылар звеносын (бөлімшені) қалған жану ошақтарының жағдайын білуге және оны сөндіруге кідіріссіз жөнелту қажет.

72. Судың шамадан тыс төгілуін болдырмас үшін:

- оқпан жақпыштарды, шашу оқпандарын қолдану;
- көбікті, ұнтақтарды, ерітінділі суларды қолдану;
- оқпандардың жұмысын дер кезінде тоқтату және оларды сыртқа шығару қажет.

73. Адамдарға және жануарларға қауіп төнбегенде, өрттің өршуі шектелгенде және оны сөндіру қолдағы бар күштермен және құралдармен қамтамасыз етілуі мүмкін болғанда өрт басылды деп есептеледі.

74. Жану тоқтағанда және қайта жануды болдырмай шаралары қолданылғанда өрт сөнді деп есептеледі.

75. Өрт сөндірілгеннен кейін немесе өрттегі жұмыс көлемі қысқарғаннан кейін күштер мен құралдарды жинастыру жүргізіледі.

76. Тұрақты орынына келісімен қысқа мерзім ішінде өрт техникаларын жауынгерлік әзірлікке келтіру шаралары қолданылады.

Өртте арнайы жұмыстарды орындау

77. Арнайы жұмыстар өртті сөндіру және адамдарды құтқару жөніндегі жауынгерлік тапсырманы орындауды қамтамасыз етеді.

78. Арнайы жұмыстарға: қолайсыз жұмыстар, электр жабдықтарын өшіру, өрт орнынан жарық беру, артық төгілетін судан қорғау және тағы басқалары жатады.

79. Тыныс алуға жарамсыз ортада жұмыстарды жүргізген кезде:

- бір текті оқшаулаушы противогаздары бар үш-бес адамнан тұратын газ бен түтіннен қорғаушылар звеносын (звено командирін қосқанда) құру қажет. Жекелеген жағдайларда (кезек күттірмейтін құтқару жұмыстарын жүргізген кезде) ӨСБ шешімімен звено құрамы екі адамға дейін қысқаруы мүмкін;

- ГТҚҚ звеносының командирі қауіпсіздік бекетімен тұрақты байланыс ұстауы және ол арқылы мезгіл-мезгіл ӨСБ-ге, жауынгерлік участок бастығына немесе бақылау - өткізу бекетінің бастығына жағдай туралы және өзінің іс-қимылдары туралы баяндап отыруы;

- жол бойында зардап шеккен адамды байқаса оған көмек көрсетуі (қауіпсіз аймаққа алып шығу немесе әкету), содан кейін тапсырманы орындауды жалғастыруы;

- жол туннельдеріне, жолы ұзақ жер асты құрылыстарына (алаңдарына) және биіктігі тоғыз қабаттан артуы үйлерге бір мезгілде екі звенодан кем жіберілмеуі тиіс, бұл ретте тыныс алуға жарамсыз ортада жүрген звеноның жеке құрамына төтенше көмек көрсету үшін қауіпсіздік бекетінде ГТҚҚ-нің толық жауынгерлік әзірліктегі бір звеносын қою қажет.

80. Бірнеше звенолар және ГТҚҚ, ӨСБ бөлімшелері іске қосылған күрделі, ұзаққа созылған өртте бақылау-өткізу бекетін (БӨБ) ұйымдастыруға міндетті.

БӨБ жұмысына басшылықты ӨСБ бекітетін бастық құрамындағы жақсы дайындалған және тәжірибелі адамдар қатарынан тағайындалатын БӨБ бастығы жүзеге асырады.

81. ГТҚҚ звеноларының өрттегі жұмысын:

- бір күзет жұмысы кезінде, әдетте, кезекші күзет бастығы немесе оның өкімімен құрамында ГТҚҚ звенолары бар бөлімше командирлері;

- бірнеше күзет бір мезгілде жұмыс істегенде ӨСБ және жауынгерлік учаскелер бастықтары бекіткен бастық құрамының адамы;

- ГТҚҚ бөлімшесінің жұмысы кезінде - бөлімше командирі немесе ӨСБ тағайындаған бастық құрамындағы адам басқарады.

82. Түтінмен күрес үшін түтінге қарсы қорғаныс жүйелерін, түтінді сейілтетін және түтін соратын автомобилдерді, желдеткіштер мен брезент қосқыштарды пайдаланған дұрыс.

83. Үй конструкцияларын ашу мен бөлшектеу:

- адамдарды құтқару және материалдық құндылықтарды басқа орынға көшіру;
- жанудың жасырын ошақтарын табу;
- от сөндіруші заттарды барынша тиімді қолдану;
- оттың таралуын шектеу үшін отқа қарсы ажырату орнын дайындау;
- түтін мен газдарды шығару;
- құлау қаупін болдырмау;
- оқпандарды беру үшін үйдің ішіне немесе өрт ошағына өту мақсатында жүргізіледі.

84. Үй конструкцияларын ашу мен бөлшектеу механикаландырылған құралдарды қолдана отырып белгіленген жұмыстарды толық орындау үшін қажетті шеңберде жүргізіледі.

Конструкциялар жанудың жасырын ошақтарын табу түтінді шығару және от сөндіретін заттарды қолдану үшін сөндіру құралдары ашылатын орынға шоғырланған және іс-қимылға әзір болғаннан кейін ашылады.

Өрттің таралуына тосқауыл қою мақсатымен өртке қарсы ажырату орнын құру жөніндегі жұмыстар от ажырату орнына жеткенге дейін аяқталуы керек.

85. Үйдің конструкциясын ашу және бөлшектеу кезінде конструкцияның көтеру қабілеттілігін бәсеңдетпеу және олардың құлауы на жол бермеу, жылу жүретін және газ жүретін магистральдарды, сондай-ақ электр жүйелері мен шараларды қолдану керек.

86. Конструкцияларды жоғарыдан лақтырған кезде олардың түсетін орнын тексеру және қоршау қажет.

87. Жайларға жарық беру үшін электр шамдары қолданылады, ал егер мұндай жарық беру жеткіліксіз болса - автомобильдің генераторынан қуат алатын прожекторлар қолданылады. Бұл ретте прожектор жайға кірер алдында іске қосылады.

88. Өртке жарық беру құралдарын орнатуды төмендегі ережелерді басшылыққа ала отырып жүргізу қажет:

- бірінші кезекте адамдарды басқа орынға көшіру жолдарына жарық беріледі;

- жарылыс қаупі бар жайларға терезе арқылы сырттан жарық беріледі, бұл жайларға прожекторларды алып кіру олар жанып жатқан жағдайларда ғана рұқсат етіледі;

- көлемі үлкен қатты түтінденген жайларға қуатты прожекторлар қойылады, жекелеген жағдайларда олар осы жайларда жұмыс істеушілер үшін бағдар ретінде орнатылады;

- прожекторлар, жалғастырушы муфталар, штепсельдік ажыратқыштар, жалғастырушы қорапшалар және басқа кабельдерді қосушы құралдар оларға су тимейтін, сондай-ақ құлайтын конструкциялардан зақымдану қаупі жоқ жерлерге орналастырылады.

89. Объектіде кернеуде тұрған электр сымдары мен қондырғылары, егер:

- зақымданған және өртте жұмыс істеушілер үшін қауіпті болса;
- оларға су тигенде жаңа жану ошақтарының пайда болу қаупін тудырса;
- өртті сөндіру және конструкцияларды бөлшектеу жөніндегі жұмыстарға кедергі келтіретін болса, тоқтан ажыратылады.

90. Жоғары кернеуде тұрған электр жабдықтарын өшіруді объектінің (қаланың) энергия қызметінің өкілі жүргізеді.

91. 220 вольттан артық емес кернеудегі электр жабдықтарын өшіруді өрт күзеті жауынгерлік құрамының бөлімшесі тек ӨСБ, жауынгерлік учаске бастығының және командирдің басшылығымен жүзеге асыра алады.

Бұл үшін өшіруші қондырғыларды (рубильниктерді, қорғағыштарды және басқаларды) пайдалану мүмкін болмаған жағдайда электр сымдары арнайы қайшымен кесіледі, бұл ретте қауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

III тарау

ӨРТТЕ КҮШТЕРДІ ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРДЫ БАСҚАРУ

Басқару негіздері

92. Өртте күштерді және құралдарды басқару - жағдайды бағалау негізінде жауынгерлік іс-қимылды жүргізу мақсатымен жүзеге асыратын ӨСБ-нің (өрттегі шұғыл штабтың) қызметі.

93. Өрт сөндіру басшысы болып:

- өрт күзетінің бір бөлімшесі жұмыс істеген кезде бөлімшені басқаратын аға бастық;

- бірнеше бөлімшелер жұмыс істеген кезде - өрт бөлімінің бөлімшесін басқарушы аға бастық, өрт шыққан жердегі барған ауданда (объектіде) гарнизонда белгіленген тәртіпке сәйкес анықталған адам саналады.

94. Өртке келген өрт күзетінің аға бастығы:

- жағдайды бағалауға және өрт сөндіруді ұйымдастырудың дұрыстығын айқындауға;

- қосымша күштер мен құралдарды шақырудың қажеттілігін анықтауға;

- қажет болған өртті сөндірудің басшылығын өзіне алуға міндетті.

95. Өртке келген аға бастық басшылықты өзіне алған-алмағанына қарамастан өрт сөндірудің нәтижесі үшін жауап береді.

Аға бастықтың өртте сөндіру басшысына немесе оны аттап өтіп бұйрық беруі өрт сөндірудің басшылығын өзіне алған сәті болып саналады.

96. Егер өрт сөндіру басшысы өртке шақырылған күштермен және құралдармен басқаруды қамтамасыз ете алмаса аға бастықтың өрт сөндіруге басшылықты өзіне қабылдауы міндетті.

97. Аға бастық өрт сөндіру басшылығын (ӨСБ) өзіне қабылдауды шешкендігі туралы жариялауға және жедел штаб бастығын, тыл бастығын және жауынгерлік учаскелер бастықтарын хабардар етуге міндетті.

98. Өрттегі жағдайға байланысты ӨСБ күштерді және құралдарды басқару үшін жедел штаб және жауынгерлік учаскелер ұйымдастыра алады.

99. Жауынгерлік учаскелер этаждар, саты торлары, өртке қарсы тосқауылдар немесе жанған объектінің ұзына бойына, сондай-ақ жұмыс түрлері бойынша (сөндіру, қорғау, құтқару және басқа) құрыла алады.

100. Өртте екі және одан да көп бөлімшелер жұмыс істеген кезде өрт шыққан ауданға келген өрт бөлімі құрамының орта немесе кіші бастықтарынан тыл бастығы тағайындалады.

101. Өртте жағдай кенеттен өзгерген кезде және ӨСБ-ден дер кезінде бұйрық алуға мүмкіндік болмаған жағдайда бөлімшелер бастықтары (командирлері) дұрыс инициатива танытып, өздігінше іс-қимыл жасауға тиіс.

ӨСБ-дан бұйрық болмауы командирдің әрекетсіз отыруын ақтай алмайды.

Өрт сөндіру басшысы

102. Өрт сөндіру басшысы жеке дара бастық болып табылады, өртке келген барлық өрт күзеті бөлімшелері мен берілген күштер оған бағынады. Ол өрт сөндіруді ұйымдастыруға, жеке құрамның қауіпсіздігіне және өрт техникасының сақталуына жауап береді.

Өзінен жоғары тұрған ӨСБ-тің тапсырмасын орындауда ӨСБ-нің өрттегі іс-қимылына араласуға ешкім де құқылы емес.

103. Өрт сөндіру басшысы:

- барлау жүргізуге және өрттегі жағдайды бағалауға, адамдарды құтқаруды жедел ұйымдастырып және оны жеке өзі басқаруға, қолда бар күштер мен құралдарды пайдалана отырып үрейді болдырмауға.,

- шешуші бағытты анықтауға, жауынгерлік іс-қимылдың тәсілдері мен әдістерін, күштер мен құралдардың қажетті санын анықтауға.,

- бөлімшелерге тапсырма беруге, олардың өзара іс-қимылын ұйымдастыруға және алған қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуге.,

- өрттегі жағдайдың өзгеруін үнемі бақылауға және тиісті шешім қабылдауға.,

- өрт болған жерге келісімен оның сырт көріністері бойынша БҚОТ-қа немесе ББП-ға ақпарат беруге, шешім қабылдағаннан және бұйрық бергеннен кейін өрттің орны, не жанып жатқандығы (немесе жанғандығы), іс-қимылға қандай күштер мен құралдар енгізілгендігі, өрттің өршу қаупінің бар-жоқтығы, қосымша күштер мен құралдардың қажет болатындығын хабарлауға, бұдан әрі БҚОТ-пен тұрақты байланыс ұстауға, қолданылған шешімдер туралы және өрттегі жағдай жайында әлсін-әлсін хабарлауға;

- қосымша күштер мен құралдарды бөлшектемей, қайта бір мезгілде шақыруға және оларды күтіп алуды ұйымдастыруға;

- өртке аға бастық келген соң жағдай туралы, өрт сөндіру жөнінде қабылдаған шешімдер, өрт орнында қандай күштер мен құралдардың бары, іс-қимылға енгізгендігі, қосымша шақырылғандығы туралы мәлімдеуге;

- жағдайға байланысты өртте шұғыл штаб ұйымдастыруға және оның тұрағын анықтауға;

- шұғыл штабқа өзінің тұрған орны және оған қабылданған барлық шешімдер туралы ақпарат беруге;

- күштер мен құралдардың резервін құруға, жұмыс істеушілердің демалуына, жылынуына және құрғақ киім ауыстырып киюіне мүмкіндік беріп, әлсін-әлсін ауыстыруға;

- бастық құрамындағы адам санынан қауіпсіздік шараларын сақтауға жауаптыны тағайындауға, қажет болғанда медициналық көмек бекетін ұйымдастыруға;

- өртке әртүрлі бағыттағы күштер мен құралдар келген жағдайда тыл бастығына жүріп-тұру және байланыс құралдары бар көмекшілерді бөлуге;

- өртті сөндіруге тартылған қызметтермен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға, объектідегі инженер-техник қызметкерлерімен тұрақты байланыс ұстап және объектінің нұсқамалары мен нұсқауларын ескере отырып, өрт сөндірудің тәсілі мен құралдары туралы шешім қабылдауға;

- өрттің шығу себебін анықтау шараларын қолдануға;

- қасақана өрт қойылған немесе өрттің басқа себептері болған жағдайда оның шыққан негізгі орнын басы артық бұзылудан сақтауға, өртке себеп болған заттарды анықтауға және сақтауға, сондай-ақ өрт туралы акт жасауға қажетті мәліметтер жинауға, бұл үшін мемлекеттік өрт бақылау және өрт тексеру лабораторияларының қызметкерлерін тартуға;

- өрттің сөнгендігіне өзінің көзін жеткізуге, сөндірілген өрт орнына бақылаудың қажеттілігі мен мерзімін анықтауға;

- басқа жаққа әкету, төгілген судан сақтау шараларын, милиция қызметкерлері келгенге дейін көшірілген материалдық құндылықтарды күзету шараларын қолдануға;

- бөлімшелер мен өзара іс-қимыл жасаушы қызметкерлердің өрт орнынан кету ретін анықтауға міндетті.

104. Өртті сөндіру үшін қажетті қосымша күштер мен құралдарды анықтау кезінде ӨСБ:

- шақырылған күштер мен құралдар іс-қимылға енгізілгенге дейін оттың таралуы мүмкін көлемді.

Оқпандарды беру үшін қажетті күш шамасын, адамдарды құтқару, үйлердің конструкцияларын ашу мен бөлшектеу және мүліктерді басқа жаққа әкету үшін қажетті күштің мөлшерін;

- арнайы қызметтерді тартудың қажеттілігін;

- суды автоинспекциялармен жеткізудің немесе суды айдау арқылы жеткізуді ұйымдастырудың қажеттілігін ескеруі керек.

105. Өртте күштер мен құралдарды орналастыруда өзгерістер енгізілген жағдайда ӨСБ қайта топтасу туралы шешім қабылдауы және оны бөлімше басшыларына жеткізуі керек, қайта топтасуды кімге, қайда және қалай жүргізу керектігін көрсетуі тиіс.

106. Бұйрықтар қысқа, дәл және анық болуы керек. Бұйрықтардың мазмұнына байланысты ӨСБ оны орындаушыларға жеке өзі, шұғыл штаб арқылы немесе байланыс бастықтары және байланысшылар арқылы, сондай-ақ бастықтары және байланысшылар арқылы, сондай-ақ техникалық байланыс құралдарының көмегімен береді.

107. ӨСБ өртті сөндіру жөнінде қабылданған шаралардың орындалу дұрыстығын белгілеуі және әрбір учаскеде өртті сөндіруге күштер мен құралдардың жеткіліктігін анықтауы керек.

Өрттегі шұғыл штаб

108. Шұғыл штаб құрамына: штаб бастығы және тыл бастығы, сондай-ақ қаланың (елді мекенінің, объектінің) және әкімшіліктің өзара іс-қимыл жасаушы қызметтерінің өкілдері кіреді.

Ірі, күрделі және ұзақ өртте шұғыл штаб бастығының орынбасарлары тағайындалуы мүмкін.

109. Шұғыл штаб:

- барлық ірі және күрделі өртте;
- үш және одан да көп жауынгерлік учаске ұйымдастырылған, сондай-ақ егер күштер мен құралдар жоғары номер бойынша тартылған жағдайда;
- объектілердегі өртті сөндіру кезінде өрт сөндіру жөніндегі іс-қимылды объектінің кезекші инженер-техник қызметкерлерімен және әкімшілігімен келісу қажет болғанда;
- жағдайға байланысты өрт сөндіру басшысының шешімі бойынша құрылады.

110. Шұғыл штаб:

- жауынгерлік учаскелер бойынша келген бөлімшелерді күтуді, орналастыруды және бөлуді;
- өртті сөндіру барысында оны барлауды, жағдайдың өзгергендігі туралы өрт сөндіру басшысының мәліметтері мен ақпараттарын жинауды;
- штаб столында орналасқан есеп құжаттарын жүргізуді (қосымша);
- өртте күштер мен құралдар резервін құруды;
- өрттің шығу себептері және келтірілген зиян туралы мәліметтер жинауды;
- өртте байланысты жолға қоюды;
- егер бұл қажет болғанда өрт орнына жарық беруді;
- ӨСБ-нің шешімдерін, бұйрықтарын орындауды, алға қойылған міндеттердің орындалуына бақылауды;
- қаланың (елді мекеннің, объектінің) басқа қызметтерімен өзара іс-қимылдарын;
- ГДЗС тексеру - өткізу бекеттерін және қауіпсіздік бекеттерін;
- ұзақ өрт кезінде (бес сағаттан артық) тамақтануды, төменгі температурада және құрамның жылынуын және ыстық өтуден қорғауды;

- өртте жұмыс істеуші бөлімшелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

111. Шұғыл штаб күштерді және құралдарды басқару үшін барынша қолайлы жерге орналасады, штаб столымен және басқа техникалық құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

112. Өрттегі шұғыл штаб орны: күндіз - "штаб" деген жазуы бар қызыл жалаумен, түнде - қызыл шаммен немесе қызыл түсті басқа жарық көрсеткішімен белгіленеді.

113. Өрттегі жұмыс кезінде ӨСБ, ШБ, ТБ, ЖУБ және байланысшылардың сол білегінде шынтақтан жоғары тұста белгі байламасы болуы керек (* қосымша), жауынгерлік құрамның өрт дулығаларында айырым белгілері болуы керек (* қосымша).

Өрттегі шұғыл штаб бастығы

114. Шұғыл штаб бастығы ӨСБ-ға бағынады, оның орынбасары болып табылады, ӨСБ шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді, шұғыл штабты басқарады және 110-бапта көрсетілген міндеттерді штабтың орындауына жауап береді.

Өртте шұғыл штаб бастығы:

- ӨСБ қабылдаған шешімге сәйкес күштер мен құралдарды орналастыруға;
- өртте үздіксіз барлауды ұйымдастыру және жауынгерлік учаске бастықтарынан мәліметтер алу жолымен жағдайды зерттеуге;
- қажет болғанда қосымша күштер мен құралдарды шақыруға, ӨСБ бұйрықтарын бөлімше бастықтарына жеткізуге;
- өртте байланысты ұйымдастыруға;
- ӨСБ-ға барлау нәтижелері мен жағдай, өртті сөндіру туралы хабарлап отыруға;
- кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда өздігінше шешім қабылдауға және жүзеге асыруға, кейіннен бұл жөнінде ӨСБ-ге хабарлауға;
- ӨСБ мен штаб бұйрықтарын орындауға бақылауды жүзеге асыруға;
- келген бөлімшелерден резерв құруға;

- қажет болған жағдайда қаланың (объектінің) арнайы қызметтерін шақыруға, сөйтіп олармен өзара іс-қимыл ұйымдастыруға;
- БҚОТ-қа өрт туралы мәліметтерді беруге;
- өрттің шығу себебі және бөлімшелердің жауынгерлік іс-қимылы туралы мәліметтер жинауға;
- тыл бастығы мен байланысшыларды қатыстыра отырып шұғыл штаб құжаттарын жүргізуге;
- өртте ұзақ жұмыс істеу кезінде жауынгерлік құрамға тамақ пен алмастыруды ұйымдастыруға;
- қажет болған жағдайда шұғыл штаб бастығының орынбасарын тағайындауға міндетті.

Тыл бастығы

115. Тыл бастығы бастық құрамындағы адамдар санынан тағайындалады және өртті сөндіру басшысына, шұғыл штаб бастығына бағынады және өрттегі тыл жұмысына жауап береді.

Тыл бастығы:

- су көздеріне барлау жүргізуге;
- келген машиналарды күтіп алуға және су мен басқа от сөндіретін заттарды беруді қамтамасыз ететін машиналарды су көздеріне орналастыруды ұйымдастыруға;
- су айдау немесе жеткізу қажет кезінде керекті өрт машиналарының саны туралы шұғыл штаб бастығына (ӨСБ) баяндауға;
- өрт техникасын барынша тиімді пайдалануға және өрт болған жерге суды үздіксіз беруді қамтамасыз етуге;
- өрт машиналарын дер кезінде жанар және жағар материалдармен жабдықтауға, сондай-ақ қажет болған жағдайда өрт болған жерге арнайы от сөндіретін заттар мен материалдарды жеткізуді ұйымдастыруға;

- шлангі жолдарын күзетуді, сондай-ақ тыл учасоктерінде қалалық көліктің қозғалысын реттеу жөнінде милиция қызметкерлерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге;

- өрт техникасы жұмысының, от сөндіруші заттар мен материалдар шығынының есебін жүргізуге, шартты белгілермен және рұқсат етілетін қысқартуларды пайдаланып өрт машиналарын су көздеріне орналастырудың және магистралды шланг жолдарын жүргізудің жобасын құруға міндетті (* қосымша);

- сумен жабдықтау (елді мекендегі, объектідегі) қызметтерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға міндетті.

116. Негізгі машиналардан басқа судан қорғау, шлангілік, жеңіл және жүк автомобилдері, жанар май құятындар, автомобиль жөндеу шеберханалары, автобустар және тағы басқалары тыл бастығының қарамағына беріледі.

117. Тылдың жұмысын басқару үшін бағыттарда тыл бастығының көмекшілері тағайындалады.

Жауынгерлік учаске (сектор) бастығы

118. Жауынгерлік учаске (сектор) бастығы өрт сөндіру басшысына (шұғыл штаб бастығына) бағынады және оның бұйрықтарын орындайды. Ол өзіне тапсырылған жауынгерлік учаскеде (секторда) оның алдына қойылған міндеттердің орындалуына, өртте оған бағынышты жеке құрамның қауіпсіздігіне, өрт техникасының сақталуына жауап береді.

119. Жауынгерлік учаске бастығы:

- үздіксіз барлау жүргізуге және жауынгерлік учаскедегі жағдай туралы шұғыл штаб бастығына немесе өртті сөндіру басшысына баяндап отыруға;

- оған бағынышты бөлімшелердің жұмысын басқаруға;

- оның учасогінде жұмыс істейтін бөлімшелер арасындағы және көрші учаскелердегі бөлімшелердің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

- учаскедегі өртті тездетіп сөндіруді қамтамасыз ететін күштер мен құралдарды маневрлеуді және тез қайта топтастыруды қамтамасыз етуге, қабылданған шешім туралы шұғыл штаб бастығына немесе ӨСБ-ға баяндауға;

- өртті сөндіру басшысына немесе шұғыл штаб бастығына алға қойылған міндеттердің орындалғаны және учаскедегі бөлімшелердің жұмысы туралы баяндауға міндетті.

120. Өртте бес және одан да артық жауынгерлік учаскелер жұмыс істеген кезде бірнеше жауынгерлік учаскелерді біріктіретін секторлар ұйымдастырылуы мүмкін, сектор бастығын ӨСБ тағайындайды.

Өртте байланысты ұйымдастыру

121. Өртте бөлімшелерді басқаруды, олардың өзара іс-қимылы мен ақпарат беруді қамтамасыз ету үшін байланыс ұйымдастырылады:

- басқару байланысы ӨСБ мен бөлімше командирлері арасында, ӨСБ мен шұғыл штаппен, тыл бастығымен, жауынгерлік учаске бастығымен, ал қажет болған жағдайда - өрт автомобильдерімен (машиналармен) орнатылады. Бұл үшін радиостанциялар, далалық телефон аппараттары, сөйлесу қондырғылары, мегафондар, дыбыстағыш қондырғылар және басқа техникалық құралдар пайдаланылады;

- өзара іс-қимыл байланысын жауынгерлік учаскелер (бөлімшелер) бастықтары орнатады. Ол жауынгерлік учаскелер (бөлімшелер) арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Өзара іс-қимыл байланысы үшін радиостанциялар, далалық телефондар, сөйлесу қондырғылары және байланысшылар пайдаланылады:

- ақпарат байланысы ӨСБ, шұғыл штаб пен БҚОТ немесе ББП арасында радио, телефон арқылы орнатылады.

Бұл байланыс БҚОТ-пен немесе ББП-мен өрттегі және оған бара жатқан бөлімшелердің жағдай туралы және өртті сөндіру барысы, қосымша күштер мен құралдарды шақыру туралы өзара ақпараттар, сондай-ақ ӨСБ-нің су жүргізу, газ апаты, энергетика, медицина және басқа қызметкерге талаптарын жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

Өртте радиобайланыс құралдарын пайдаланған кезде ӨСБ барлық операторлардың радио алмасу ережесін сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

Шұғыл штабтың жұмысы үшін абоненттің телефон жүйесі номерін пайдаланған кезде абоненттің телефон аппаратын өшіру қажет.

IV тарау

ЖАУЫНГЕРЛІК ІС-ҚИМЫЛ КЕЗІНДЕ ӨРТ КҮЗЕТІ БӨЛІМШЕЛЕР ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Өрт сөндірушінің (аға өрт сөндірушінің) міндеттері

122. Өрт сөндіру кезінде өрт сөндіруші:

- өзінің жауынгерлік міндетін білуге, сондай-ақ бөлімше тапсырмасын білуге;
- командирлердің және бастықтардың командалары мен бұйрықтарын сөзсіз, нақты және дер кезінде орындауға;
- командирдің рұқсатынсыз өз полициясын тастап кетпеуге;
- өз бөлімшесінің командирімен және өрт сөндірушілермен байланыс ұстауға;
- жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде инициатива мен тапқырлық танытуға;
- адамдардың өміріне қауіпті байқаған жағдайда оларды ескертуге, құтқару шараларын қолдануға, ол жөнінде бөлімше командиріне баяндауға;
- Зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге;
- өрт-техникалық құралдарының түзулігін бақылап отыруға және оларды ұқыпты ұстауға;
- техника қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;
- жұмыс біткен соң берілген өрт-техникалық жарақтарын тексеруге, нәтижесін бөлімше командиріне баяндауға міндетті.

123. Барлау құрамына кіретін өрт сөндіруші:

- қажетті жабдықтарды және ӨТҚ-ны өзімен бірге алып жүруге;
- барлау жүргізушіден көз жазбауға;
- төңіректі ұқыпты бақылап отыруға;

- қауіпті жағдайдағы адамдарды байқаған кезде, жайларда және үй конструкцияларының қуыстарында от немесе түтін пайда болғанда барлауды басқарушыға жедел баяндауға міндетті.

124. Адамдарды құтқару кезінде өрт сөндіруші:

- командир көрсеткен құтқару тәсіліне қажетті өрт-техникалық жарақтарын өзімен алып жүруге;

- жайға кірген кезде құтқарылушыларға көмек көрсететіндігі туралы хабарлауға;

- командир көрсеткен жағдайда құтқарудың ең қауіпсіз тәсілі мен қысқа жолын таңдауға;

- құтқарылушыны от пен түтіннің әсерінен қорғаудың шараларын қолданып, жоғары температура мен қалың түтін аймағынан тек айрықша жағдайларда ғана құтқарушымен бірге өтуге міндетті.

125. Шланг жолдарын жүргізу кезінде өрт сөндіруші:

- оқпаншылар позициясына барынша қолайлы және қысқа жолды таңдауға;

- шлангыларды өткір немесе жанып жатқан заттардың, сондай-ақ күйдіретін заттар төгілген жерлер арқылы салмауға, егер басқадай жолы болмаған кезде шлангыларды жүргізгенде қолдағы бар материалдардан төсеніш салуға және зақымданудан оларды қорғау үшін басқа құралдарды пайдалануға;

- Шланг жолдарымен үйлердің өтетін жерлері мен сатыларын бекітпеуге, шланг жолдарын саты торларында көбіне марштардың аралығынан салуға;

- шланг жолдарын көшенің, жолдың, ауланың шетінен, мүмкіндігінше жолдың жүрмейтін бөлігіне, ал теміржол полотносында рельстердің астынан салуға;

- жолдың (көшенің) жүретін бөлігіне салынған шлангыларды шланг көпіршелерімен қорғауға;

- тарамдардың жолдың жүретін бөлігіне орнатпауға, шлангылардың ширатылуына және бүгілуіне, жалғанатын жерлерінің жолдың қатты бетіне сығылуынан, сондай-ақ кедергілердің үстінен салынған кезде шлангыларды күрт бүгілуден сақтауға;

- жоғарыға жүргізілетін шланг жолдарын шланг ұстағыштармен бекітуге;

- оқпаншының қозғалуы үшін және оқпанмен маневрді қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшердегі шланг қоры болуға;

- қажет болғанда шланг жолдарын оқпан тұсынан ұзартуға;
- әдеттегідей, жайлардың ішінде резиналы шлангыларды пайдалануға;
- автосатыда шланг жолдарын басқыштар аралығында оны шланг ұстағыштармен бекітіп орналастыруға міндетті.

126. Материалдық құндылықтарды басқа орынға көшіру кезінде өрт сөндіруші:

- командир көрсеткен басқа орынға көшіру ретін сақтауға;
- басқа орынға көшірілетін материалдық құндылықтарға ұқыппен қарауға және олардың сақталу шараларын қолдануға;
- басқа орынға көшіру жолдарын бекітпеуге міндетті.

127. Оқпанмен жұмыс кезінде өрт сөндіруші:

- шланг жолдарының қажетті қорын жасап, жану орнына мүмкіндігінше жақын келуге;
- барынша өрши жанған жерге, түтінге емес, жану байқалған конструкциялар мен заттарға су ағынын бағыттап, оқпанмен алға жылжуға;
- су ағынын оттың таралуына қарсы, бірінші кезекте конструкциялардың жану немесе беріктігі өзгерген жағдайда қызу бүкіл конструкцияның немесе құрылыстың бір бөлігінің құлауын туғызуы мүмкін бөліктеріне бағыттауға;
- тік жерлердегі отты өшіру кезінде су ағынын жоғарыдан төмен бағыттауға;
- жану өшірілгеннен кейін оқпанды жабуға немесе сыртқа шығаруға;
- позицияны ауыстыру кезінде су беруді уақытша тоқтатуға немесе оқпанды төмен қаратып ауыстыруға;
- биіктік сақтық құралдарын қолдануға;
- сатыларда тек қарабинмен бекітілгеннен кейін ғана оқпандармен жұмыс істеуге;
- су берілу тоқтағаннан кейін де оқпанды қараусыз қалдырмауға;

- егер техника қауіпсіздігінің барлық талаптары орындалмаса кернеуде тұрған электр сымдарына су ағынын бағыттамауға және тиіспеуге;

- оңай сынатын немесе шыны ыдыстары бар кездегі жануарларды суды шашырата себу арқылы немесе көбікпен сөндіруге;

- жеңіл жанатын және жанатын сұйықтары бар ыдыстарды, сығымдалған газы бар баллондарды, қысымда тұрған қондырғыларды және аппараттарды жылу әсерінен сақтауға, қызған жерді бірқалыпты салқындата отырып қорғауға;

- үйдің жеке бөліктерінің немесе құрылыстың от қауіп төндірген конструкцияларына су ағынын бағыттап, жылу әсерінен қорғауға;

- көбік беретін жерге су ағынын бағыттамауға міндетті.

128. Үйдің конструкциясын ашу мен бөлшектеу кезінде өрт сөндіруші:

- бөлімшіше командирі көрсеткен шекте жұмыс атқаруға;

- механикаландырылған өрт құралдарын пайдалануға;

- өшіру құралдары дайын болғаннан кейін жану ошағын сөндіру үшін конструкцияларды ашуға;

- ашу және бөлшектеу жұмыстарын үйге, құралдарға және материалдық құндылықтарға барынша аз зияндармен атқаруға;

- олардағы құбыр өткізгіштер мен арматуралардың, сондай-ақ байланыс және электр жүйелерінің зақымдануына жол бермеуге;

- бөлшектелген конструкцияларды командирдің рұқсатымен, сақтық шараларын қолдана отырып жоғарыдан тастауға;

- биік тік құрылыстардың, конструкциялардың (металл құбырлардың, антенналық қондырғылардың және т.б.) құлауынан сақтану үшін олардың бекітілген жерінің зақымдануына (тарту, керме, тірек және т.б.) жол бермеуге;

- түтін мұржаларын, тіреулер немесе үй бөліктерін қауіпті аймақтан адамдар мен техниканы әкеткеннен кейін ӨСБ-ның тура басшылығымен құлатуға;

- есіктер мен терезелерді мүмкіндігінше зақымдамай ашуға міндетті.

129. су беретін өрт сөндіруші:

- су көздерінің орналасқан жерлерін және оларды таба білу;

- шланг көпіршелерімен немесе басқа да заттармен қорғалмаған шлангілерден көліктерді өткізбеуге;

- магистральдық шланг жолдарының қалыпты жағдайын қадағалауға залалданған орынды белгілеп залалданған шлангыларға қысқыштарды орнатуға немесе істен шыққан шлангілерді ауыстыруға;

- жұмыс шлангілері жолдарына судың берілуін реттеуге;

- жүргізушімен және оқпаншымен байланыс ұстауға;

- қосымша шақырумен келген күштерді күтіп алу туралы бұйрық алысымен олардың жақын жердегі су көздеріне орналасуын және оларға ӨСБ өкімімен жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті.

130. Өрт сөндіруші - байланысшы:

- командирдің бұйрығын алысымен және анықтасымен оларды дер кезінде бұрмалаусыз жеткізуге;

- ауызша бұйрықтарды тез, дұрыс және белгілеген жерге жеткізуге, содан кейін бастыққа шапшаң қайтып келіп, бұйрықтың жеткізілгендігі туралы мәлімдеуге;

- өрттегі шұғыл штабпен, БҚОТ (ББП) пен радио, телефон арқылы немесе өрт белгісін білдірушімен тұрақты байланыс орнатуға және ұстауға;

- өзімен бірге алып жүретін радиостанциясы, телефон анықтамалары, шақыру тізімдері, таза қағазды блокноты, қаламы, электр шамы болуы міндетті.

131. Өрт сөндіруші - бақылаушы сөндірілген өрт орнында:

- өрт сөндірілген бүкіл аймақты бақылауға, жану ошағын байқаған кезде ол туралы өрт бөліміне хабарлауға және оны өшіруге кірісуге;

- күзет кезекшісімен әлсін-әлсін байланыс ұстауға, оған күзеткен учаскесіндегі жағдай туралы хабарлап отыруға;

- өз бастығының бұйрығынсыз күзететін учаскесін тастап кетпеуге;

- кету туралы рұқсат алғаннан кейін объект әкімшілігін ескертуге міндетті.

Өрт автомобилін жүргізушісінің міндеттері

132. Өрт автомобилінің жүргізушісі:

- автомобильге жеке құрамды отырғызуды және өрт-техникалық жарақтарын орыналастыруды білуге және тәртібін сақтауға;
- жол қозғалысы ережесін және өрт автомобилін пайдалану жөніндегі нұсқауды қатаң сақтауға;
- өрт кенет өршіген кезде автомобильді қауіпсіз орынға әкете алатындай етіп орналастыруға;
- оның жүйелерінің, механизмдерінің және агрегаттарының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, автомобильдің қасынан кетпеуге, бөлімше командирінің бұйрықтары мен белгілерін үнемі қадағалап және оларды тез орындап отыруға;
- радиостанцияда жұмыс істеуді, радио алмасудың тәртібін білуге және сақтауға;
- от сөндіруші заттардың тоқтаусыз берілуін қамтамасыз етуге;
- шланг жолдарына су берген кезде оның қысымын біртіндеп көтеруге және оны бастықтың бұйрығына сәйкес ұстап тұруға;
- төменгі температурада су сорғыштың жұмысын тоқтатпауға;
- жанармайдың және от сөндіретін заттардың шығынын бақылап және оларды толықтырудың қажеттігі туралы дер кезінде баяндап отыруға;
- автомобиль механизмдерінің қалыпты жұмысы бұзылған жағдайда бастыққа мәлімдеу, сонымен бірге бұзылған жерін анықтау және оларды жөндеу жөніндегі шараларды қолдануға;
- өртте автомобильге техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды атқаруға міндетті.

133. Автосатыда немесе автокөтергіште жұмыс істеген кезде жүргізуші:

- жол үстінде және әсіресе, бұрылыстарда, көпір және биік қақпалардың астынан өткен кезде автосатының немесе автокөтергіштің көлемін ескеруге;
- автосатыны (автокөтергішті) жылжытуға орнатқан кезде автомобиль доңғалағын қатты отырып орнатуға;

- автомобильді сатының немесе көтергіш жебенің маневрленуінің қамтамасыз етілуін және барынша созылуын ескере отырып орнатуға;

- сатының бүгілетін жерінде немесе автокөтергіштің бесігінде бір мезгілде болатын адамдардың барынша рұқсат етілетін санын қатаң бақылап отыруға;

- өрт дулығасымен және қажет болғанда оқшаулаушы противогазбен жұмыс істеуге міндетті.

Бөлімше командирінің міндеттері

134. Бөлімше командирі бөлімшенің жеке құрамының төтенше бастығы болып табылады және оның іс-қимылына жауап береді. Ол бөлімшенің жауынгерлік жұмысын басқарады.

135. Бөлімше командирі:

- өрт орнына келісімен өртті сөндіруге аға бастық келгенге дейін бірінші болып басқарады. Басқа жағдайларда, бұл ретте жетонын (* қосымша) тапсырып, ӨСБ-ға хабарлауға және одан әрі оның бұйрығын орындауға;

- өз бөлімшесінің және күзеттің жауынгерлік тапсырмасын білуге, оны әрбір өрт сөндірушіге жеткізуге;

- жауынгерлік расчеттің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге;

- өрт сөндірушілердің бұйрықтарды, командаларды және белгілерді дұрыс және нақты орындауын қамтамасыз етуге;

- бөлімшенің жеке құрамының техника қауіпсіздігінің ережесін сақтауын бақылауға;

- өзі бағынышты бастықпен байланыс ұстауға, оған мезгілімен жұмыс участогіндегі жағдайдың өзгергендігі туралы баяндап отыруға;

- өрт техникасының тиімді жұмысын қамтамасыз етуге;

- өрт сөндіретін автомобильді от сөндіретін заттармен және жанар-жағар материалдармен дер кезінде толтырып отыруды қамтамасыз етуге;

- радиостанцияда жұмыс істеуді, радиоалмасудың ережесін білуге және сақтауға міндетті.

136. Жауынгерлік қанат жаю кезінде:

- қанат жаюды аса қысқа мерзімде қамтамасыз етуі;

- бөлімшенің жеке құрамына су көзін, шланг жолдарын жүргізудің бағыты мен тәсілдерін, жолдарда ең аз шлангілер санын пайдалануды ескере отырып, тарамдарды қондыру орнын, оқпандардың саны мен түрлерін және оқпаншылардың позициясын, өрт сатыларын орнату орындарын көрсетуі;

- өрт сатыларын орналастырудың дұрыстығын қадағалауы;

- өртте өзі бағынатын бастыққа жауынгерлік қанат жаюдың орындалғандығы туралы баяндауы қажет.

137. Конструкцияларды ашу және бөлшектеу жұмыстарын атқарған кезде:

- қажетті өрт құралдары бар өрт сөндірушілердің қажетті санын белгілеуі, жүргізетін жұмыстың мақсатын, ашу және бөлшектеудің көлемі мен орнын көрсетуі;

- егер конструкцияны ашу және бөлшектеу бір бөлімшенің күшімен жүргізілсе, өрт сөндірушілерге әртүрлі материалдарды орналастыру үшін орындарды көрсетуі... төменде (тастау орнында) күзетші қоюы;

- конструкцияларды ашу мен бөлшектеудің тәртібін орындауды және жабдықтарға және материалдарға ұқыппен қарауды қамтамасыз етуі;

- жұмыс орнына жақын жердегі электр сымдарын және электр құралдарын тоқтан ажыратудың, газ өткізгіштерді өшірудің, сондай-ақ конструкцияның құлауына қарсы шараларды қолданып, жұмысты қауіпсіз қамтамасыз етуі;

- конструкция негізін қадағалап және олардың зақымдануына жол бермеуі керек.

138. Материалдық құндылықтарды басқа жаққа әкету тапсырмасын орындау кезінде:

- өрт сөндірушілерге әкетудің кезегін, материалдық құндылықтарды орналастырудың орны мен жолдарын көрсетуі;

- әкетілген материалдық құндылықтарға ұқыпты қарауды және сақталуды бақылауы қажет.

139. Бөлімшелерді қарсы алу және орналастыру жөніндегі тыл бастығының тапсырмасын орындау кезінде:

- бөлімшені қарсы алуы, өрт машиналары орналастырылуға тиіс су көздерін көрсетуі, бөлімшелер басшыларына ӨСБ (шұғыл штаб бастығы, тыл

бастығы) бұйрықтарын жеткізуі және шұғыл штабтың орналасқан орнын көрсетуі керек.

140. "Тоқтат" командасы немесе белгісі болғанда:

- бөлімшенің жеке құрамының адам санын тексеруі;
- өрт - техникалық қаруларының санын тексеруі, автоцистернаны сумен толтыруды қамтамасыз етуі;

- өртте бөлімше командирі бағынышты болған бастыққа бөлімшенің қайтуға әзірлігі туралы баяндауы керек.

141. Өрт сөндірілген жерде бөлімшемен қызмет атқарған кезде:

- өрт орнына үздіксіз бақылау ұйымдастыруы;
- өрт сөндіру құралдарын үнемі әзірлікте ұстауы;
- жану ошағын байқағанда, бұл туралы өрт бөліміне хабарлап және оларды өшірудің шараларын қолдануы;
- бөлімше оның құрамына кіретін күзет бастығының бұйрығы бойынша өрт бөліміне қайтаруы, бөлімшенің кетуі туралы объект әкімшілігін хабардар етуі және одан әрі бақылау жүргізуді жалғастыруы керек.

142. Бөлімше өрт бөліміне келгеннен кейін бөлімше командирі:

- автомобиль және өрт-техникалық қаруларын жауынгерлік әзірлікке жедел келтіруді қамтамасыз етуге, бұл туралы күзет бастығына баяндауға;
- өртті сөндіруге қатысқан бөлімшенің жеке құрамының жауынгерлік киімдерін кептірудің немесе айырбастаудың шараларын қолдануға міндетті.

Күзет бастығының міндеттері

143. Күзет бастығы күзеттің жауынгерлік жұмысына басшылық жасайды, алға қойылған жауынгерлік тапсырманың орындалуына, өрт техникасының, өрт-техникалық қаруларының сақталуына жауап береді.

(Құжаттың 144-тарауы болмағандықтан, орысша мәтінді ұсынамыз)

144. По прибытии караула к месту вызова первым начальник караула как руководитель тушения пожара руководствуется статьями 102-107 настоящего Устава, а по дополнительному вызову обязан доложить РТП (в оперативный штаб), сдать жетон, получить задание и обеспечить его выполнение.

145. Шақыру орнына баратын жол үстінде күзет бастығы:

- қозғалыстың қысқа маршрутын анықтап және жүргізушілердің жол қозғалысы ережелері талабын орындауын бақылауға;
- өрт сөндірудің шұғыл құжаттарымен танысуға;
- радиостанция арқылы өрт орнынан, БҚОТ және ББП-дан ақпараттарды үнемі тыңдап отыруға;
- жол бойында мәжбүр болған тоқтау кезінде осы жарғының 20-бабын басшылыққа алуға міндетті.

146. Құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде күзет бастығы:

- қауіп төнген адамдарға тез арада көмек көрсету үшін күзет күштері мен құралдарын бөлуге;
- бөлімше командирлеріне адамдарды құтқарудың жолдары мен тәсілдерін көрсетуге;
- адамдарды құтқарумен бірге құтқару жөніндегі жұмыстармен айналаспайтын жеке құрамды бөліп, өрт сөндіру жұмыстарын ұйымдастыруға міндетті.

147. Әскери қанат жаю кезінде:

- қажетті күштер мен құралдарды іс-қимылға дер кезінде енгізуді ескере отырып, әрбір бөлімшенің міндетін анықтауы керек.

148. Оқпандарды беру кезінде:

- лафетті оқпан жұмысына басшылық ететін бөлімше командирін тағайындауы;
- лафетті оқпанға екі автомобильден су берген кезде жүргізушілер арасында байланысты ұйымдастыруы;
- көбік немесе ұнтақ оқпандарын берген кезде өрт ошағына көбікті немесе ұнтақты берудің тәсілін анықтауы және үлкен шығында оқпанның жұмысына басшылық ету үшін бөлімше командирін тағайындауы;
- көбік немесе ұнтақты бергеннен кейін жанудың шағын ошақтарын сөндіру (конструкцияны салқындату) үшін су оқпандарын дайындауы керек.

149. Конструкцияны ашу мен бөлшектеу жұмыстарын жүргізу кезінде:

- бөлімшелер арасында жұмыс учаскелер бөледі, оларды сөндіру құралдарымен қамтамасыз етеді, ашу және бөлшектеу көлемі мен шекарасын, мақсатын және материалдарды орналастыру үшін орындарды көрсетіп, жұмысты жүргізуге бөлімше командирлеріне бұйрық береді.

150. Материалдық құндылықтарды басқа орынға әкетуді ұйымдастыру кезінде:

- әкетуді өртті сөндірумен қатар жүргізуге;
- әкетудің кезегі мен жолдарын көрсетіп, оны басқаратын бөлімше командирін тағайындауға, сондай-ақ әкетілген материалдық құндылықтарды орналастыру мен олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

151. Жануарларды әкету кезінде:

- жануарларға төнген қауіптің сипатын, олардың түрін, санын, тұрақ орнының, әкету жолының жағдайын белгілеуге;
- әкету тәсілі мен орнын анықтауға;
- түтінмен күрес жөніндегі шараларды қолдануға;
- әкетуге қызмет етуші адамдарды және ерікті өрт дружиналары мүшелерін тартуға;
- жануарларды қауіпсіз әкету үшін барлық шығатын жерлерді және сонымен бірге өртті өшіру үшін оқпандар беруді пайдалануға міндетті.

152. Өрт бөліміне оралған соң жеке құрамның және өрт техникасының жедел жауынгерлік әзірлікке келтірілуін қамтамасыз етеді. БҚОТ-қа күзеттің жолға шығуға әзірлігі туралы хабарлайды.

II-бөлім

ӨРТТІ СӨНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

I-тарау

ҚОЛАЙСЫЗ ЖАҒДАЙЛАРДА ӨРТТІ ӨШІРУ

Су жетпеген кезде, төменгі температура жағдайында қатты жел кезінде өртті өшіру

153. Су жетіспеген кезде ӨСБ:

- конструкцияларды бөлшектеу және қажетті бөліп тастау арқылы басқа учасоктердегі өртті өшіруді қамтамасыз етіп, оқпанды тек шешуші бағытқа ғана беруді ұйымдастыруға;

- су қорларын (артезиан бұрғылауын, қазандарды, шұңқырларды, құдықтарды, су жиналатын жерлерді және т.б.) анықтау үшін су көздеріне қосымша барлау жасауға;

- өршіген өрттерді сөндіруде су соратын станциялардың теңіз және өзен кемелерінің, өрт поездарының, сондай-ақ өрт машиналарының су сорғыштарымен айдауды және осы мақсатқа ыңғайланған техникалардың көмегімен су беруді ұйымдастыруға;

- егер магистралдық шлангі жолдарымен (шлангілердің, техниканың, өрт машиналарының, су көздерінің болмауы) су беру мүмкін болмаған жағдайда, су тасуды автоцистерналармен, бензин таситын, су шашатын және басқа машиналарды ұйымдастыруға, оқпандардың үздіксіз іс-қимылын судың тасып жеткізілетін қорларымен қамтамасыз ететін оқпандар санын қолдануға;

- техникаға су толтыратын бекет ұйымдастыруға және оның үздіксіз жұмыс істеуіне жауап беретін адамды тағайындауға;

- шағын сыйымдылықты су қоймаларын толтыруды ұйымдастыруға;

- егер су қоймасындағы судың деңгейі өрт машинасының су сорғышының тарту мүмкіндігінен тым биікте болса немесе су қоймаларына жақын келуге мүмкіндік болмаған жағдайда суды өрт гидроэлеваторларының, мотопомпалардың және басқа құралдардың көмегімен алуды ұйымдастыруға;

- үлкен, күрделі және ұзаққа созылған өрттерді сөндіру кезінде уақытша өрт су қоймалары құрылысын ұйымдастыруға;

- суды үнемді шығындауды қамтамасыз ете отырып, кіші көлемді ұшы бар оқпандарды беруге, себетін оқпан жапқыштарды, ылғалдаушыларды және көбікті пайдалануға;

- су құбырында қысым аз болған жағдайда оны көтерудің шарасын қолдануға, өрт гидранттарынан суды қатты соратын өрт жолдары немесе гидрант құдықтар арқылы алуға;

- егер өрт орнында су көзі және су әкелетін жер мен зат болмаған жағдайда конструкцияларды бөлшектеу, үйдің жекелеген конструкцияларын немесе үй мен құрылысты бұзып, жанған заттарды аулаққа әкету арқылы оттың таралуын болдырмайтын жұмысты ұйымдастыруға, қыста жанған конструкциялар мен материалдарды қармен жабуды ұйымдастыруға міндетті.

154. Төменгі температура жағдайында өрт сөндіру кезінде ӨСБ:

- ашық өртте және су көлемі жеткілікті болған кезде көп шығынды өрт оқпандардың пайдалануға, жабатын оқпандар мен шашатын оқпандарды пайдаланылуға жол бермеуге;

- жолдарға резинке аралас үлкен көлемді шлангілерді салуға, шлангі тарамдарын мүмкіндігінше үйдің ішіне орнатуға, ал орнату кезінде оларды жылы жабуға;

- шлангілердің қосылған жерлерін қармен жабуға;

- су қоймаларынан немесе өрт гидранттарынан су берген кезде су сорғыштан судың ең алдымен бос патрубокқа беруге және тек қана су сорғыштың тұрақты жұмысы кезінде ғана суды шлангі жолдарына беруге;

- су шығыны азайған жағдайда двигательдің айналым санын арттырып, суды су сорғышта қыздыруға;

- өрт оқпандары мен шлангі тарамдарының жабылып қалуын, су сорғыштардың өшіп қалуын болдырмауға;

- өрт шлангілерін айырбастау және жинау, жолдарды ұзарту кезінде су беруді тоқтатпауға, көрсетілген жұмыстарды қысымды азайтып, бұл мақсат үшін жеке құрамның мүмкін болғанша көбірек санын тартып, аталған жұмысты оқпан жағынан бастап жүргізуге;

- ыстық су алатын орынды анықтауға және қажет болғанда онымен цистернаны толтыруға;

- қатып қалған шлангілерді бүгілген жерлерінен және қосылған жерлерінен ыстық сумен, бумен немесе қыздырылған газбен жылытуға, қатып қалған қосушы

ұштарды (тарамдарды және оқпандарды) жекелеген жағдайларда қыздыру шамдарымен немесе алаулармен жылытуға болады;

- өрт сатыларына және оларға жақын жерде шлангі жолдарын бекітпеуге, сатыларға су төкпеуге;

- саты торларына суды ағызбауға міндетті.

155. Қатты желде өрт сөндіру кезінде ӨТБ:

- сөндіруді күшті су ағымымен жүргізуге;

- жанған объектіні екі шетінен бастап өне бойына су ағынымен аса қысқа мерзімді қамтуды қамтамасыз етуге;

- жаңа өрт ошақтарын сөндіру үшін күштер мен құралдар резервін құруға;

- бекет қою және бақылаушылар жіберу арқылы, оларға қажетті күштер мен құралдар беріп, жел ығына орналасқан объектілерге бақылауды және қорғауды ұйымдастыруға;

- айырықша қауіпті жағдайларда өрттің негізгі таралу жолдарында жекелеген құрылыстар мен үйлерді бұзуға дейін барып, өртке қарсы бөліп тастау орнын жасауға міндетті.

Жарылатын заттар болған кезде өртті өшіру

156. Объектіде жарылатын заттар (ЖЗ) болғанда өрттерді сөндірген кезде:

- үйдің немесе оның жекелеген бөліктерінің бұзылуы, жанған объектіге және су көздеріне жолдар мен кіретін жолдардың жабылып қалуы және сыртқы су құбырларының, сөндіру тұрақты құралдарының, технологиялық жабдықтардың бұзылуы немесе зақымдану;

- өртте жұмыс істеушілердің жарықшақтармен конструкциялардың сынықтарымен және толқын екпінімен зақымдануы, сондай-ақ жанудың және қопарылыстың улы өнімдерімен күйіуі немесе улануы мүмкін.

157. Жарылатын заттары бар объектідегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- өрт сөндірудің шұғыл штабын құруға;

- объект мамандарымен бірге қопарылыс қауіпін, жарылатын заттардың тұрған орны мен көлемін анықтауға, сондай-ақ оларды басқа жаққа әкетудің тәсілдерін белгілеуге, технологиялық жабдықтардың және өрт сөндіру қондырғыларының жағдайын анықтауға;

- қауіпті аймақта жұмыс істейтіндерді тез хабарландыру үшін бірегей дабыл белгілеуге және ол туралы жеке құрамды хабарлауға;

- "А" және лафетті оқпанды жарылатын заттардың шоғырланған ағын тербеуі әсеріне сезімділік дәрежесін ескере отырып, іске қосуға, жарылатын зат бір қалыпты жанғанда, сондай-ақ олар еріген (балқыған) жағдайда көбікті, шашыраған суды қолдануға;

- жоғары температураның әсерінен оларға қауіп төнгенде, сөндірумен қатар технологиялық аппараттарды салқындатуды жүргізуге, ал мүмкін болған жағдайда жанатын заттарды басқа орынға әкетуге;

- жарылатын заттарды басқа орынға әкету кезінде, конструкцияларды ашуда және бөлшектеуде механикалық әсердің нәтижесінде жарылыс туғызбау үшін сақтық жасауға;

- мүмкіндігінше қорғаныс әскери-техникаларын пайдаланып шлангы жолдарын үйлер мен құрылыстардың бұрыштарына қарай жүргізуге;

- жанатын қатты заттар жабық аппаратта жанған кезде оларды тездетіп салқындатудың, саңылау ашудың және аппараттың ішіне от сөндіретін заттарды берудің шараларын қолдануға;

- мүмкін болатын зақымдану аймағынан тыс жердегі су көздерінен күштер мен құралдардың қанат жаюының резервті нұсқасын көздеу;

- әртүрлі қорғаныстарды (құлаған жерлерді, капунерлерді, туннельдерді) пайдаланып, жеке құрам мен өрт машиналарын жарылыс толқынынан, конструкциялардың ұшқан жарықшақтарынан және сынықтардан сақтауды көздеуге;

- төңіректегі қойма құрылыстарына және жайларға барлау және бақылау жүргізуге, жарылыс кезінде жанжаққа ұшатын үйдің жанған бөліктері мен материалдарынан болатын жаңа өрт ошақтарын сөндіру үшін сөндіру құралдары бар күзетшілер қоюға міндетті.

Радиоактивті заттарды бар объектілердегі өртті сөндіру

158. Радиоактивті заттары бар объектілердегі өрт кезінде:

- радиацияның қауіпті деңгейінің тууы;
- радиоактивті аэрозолдар жану өнімдерімен бірге ағын тарту желдеткіштері, конвекциондық ағындар, технологиялық және басқа ойықтар арқылы тез таралуы, сондай-ақ радиоактивтік сұйықтар мен ертінділердің ағуы;
- жеке құрамның радиоактивті сәуле алуы, жауынгерлік киім-кешектің, өрт техникасының радиоактивті заттармен ластануы;
- оттың жанған полимерлік материалдармен, желдеткіш - ауа тартқыштармен, сүзгілермен, радиоактивті заттардың механикалық өңдеу қалдықтарымен тез таралуы.

Жанудың радиоактивті және улы жану өнімдерімен қатты түтінденуі;

- тұрақты радиобайланыстың бұзылуы мүмкін.

159. Радиоактивті заттары бар объектілердегі өртті өшіру кезінде ӨСБ:

- объект және дозиметриялық бақылау қызметінің мамандарымен бірге өртті сөндіру жөніндегі жеке құрамның жұмысы кезінде мүмкін болатын радиацияның деңгейі мен түрін анықтауға, радиоактивті залалданудың шекарасы мен оның таралу жолдарын анықтауға, кәсіпорын басшысының (бас инженерінің) жеке құрамды объектіге жіберу туралы жазбаша рұқсатын алғаннан кейін өртті өшіруге кірісуге;
- өрттің көлемі мен жұмыс істейтін бөлімшелердің санына қарамастан құрамына объектінің және дозиметриялық бақылау қызметінің мамандарын енгізіп, өрт сөндірудің жағдайы және консультациясы мәселелерін шұғыл анықтау үшін шұғыл штаб құруға;
- от сөндіруші заттарды объектінің инженер-техник қызметкерлерінің келісім бойынша таңдап алуға;
- ионданатын сәуле шығаратын радиоактивті заттары мен көздері бар ашық технологиялық қондырғыларды жел жақ бетінен өшіруді қамтамасыз етуге;

- радиоактивті аэрозолдардың таралу аймағын тарылту үшін шашыранды су ағындарын пайдалануға, әкімшіліктің келісімі бойынша желдеткіш жүйелерін және басқа құралдарды іске қосуға;

- объект әкімшілігі арқылы жеке құрамды санитарлық тазалауды және медициналық көмек, дозиметриялық бақылау, дезактивация бекетін ұйымдастыруға;

- қорғаныс киімдерімен, жеке және топтық дозиметриялық бақылау құралдарымен бет жапқыштары бар ажыратушы противогаздарымен қамтамасыз етіп жұмысты жеке құрамның ең аз санымен атқаруға;

- радиоактивті залалдану аймағынан тысқары жерден жеке және топтық дозиметриялық бақылау жабдықтары мен қорғаныш киімдері бар күштер мен құралдар резервін, ГДЗС звеноларын құруға;

- радиоактивтік залалдану аумағына кіре берісте орта немесе кіші бастық құрамындағы адам басқаратын қауіпсіздік бекетін қоюға міндетті.

160. Өрттен кейін ӨСБ:

- қауіпті аймақта жұмыс істеген жеке құрамды санитарлық тазартудан өткізуге және депозиметриялық бақылау демалысын ұйымдастыруға;

- противогаздарды, киімдерді, аяқ киімдерді, құралдарды, өрт техникаларын дезактивациядан және дозиметриялық бақылаудан өткізуге міндетті.

Күшті әсер ететін улы заттары КӘУЗ бар объектілерде өрттерді өшіру

161. КӘУЗ-ә бар объектілердегі өрт кезінде:

- улы заттармен химиялық залалдану ошақтарының тууы;
- сумен өшіруге болмайтын өрттің тез таралуы, жарылыстар, заттың әртүрлі құрамға бөлінуі;

- конвекциялық ағындармен желдеткіш жүйелер, технологиялық және басқа ойықтар арқылы КӘУЗ-дің таралуы, сондай-ақ улы сұйықтар мен ерітінділердің ағуы;

- улы заттармен жеке құрамның улануы, жауынгерлік киімнің, өрт техникасының былғануы;

- улы және уландырғыш өнімдердің жануымен қатты түтіндену болуы мүмкін.

162. Объектіде КӨУЗ болған өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- объект мамандарымен, азаматтық қорғаныс штабы өкілдерімен бірге объектідегі химиялық жағдайды бағалауға міндетті. КӨУЗ-дің атын, көлемі мен ерекшеліктерін, залалдану ошағы шекарасын анықтауы, КӨУЗ-дің таралу жолдарын (бұлт биіктігін, енін) атмосфераға таралған көлемін анықтауға;

- өрт көлемі мен жұмыс істеуші бөлімшелердің санынан қарамастан құрамына объектінің бас мамандарын, өрт сөндіру мәселелері жөніндегі жағдайды шұғыл анықтау үшін және консультация беруге химиктерді қосып, шұғыл штаб құруға және алғашқы медициналық көмек бекетін ұйымдастыруға;

- объектінің инженер-техник қызметкерлерінің келісімімен от сөндіретін заттарды таңдап алуға;

- апатты жоюға қатысы жоқ бөгде адамдарды залалданған аймақтан шығаруға, қажет болғанда милиция нарядын тартып жақын жатқан үйлерден, елді мекендерден тұрған халықты басқа жаққа әкетуді жүргізуге;

- бұлттың таралуын тоқтату мақсатында, ал бұл мақсаттар үшін оның таралу бағытының екі жағынан автосаты мен көтергіштерді қолдана отырып, су шашатын оқпандарды пайдаланып, су пердесін жасаудың күштері мен құралдарын және шектерін іске қосу жөніндегі шешуші бағытты анықтауға;

- қызмет көрсетуші адамдар арқылы КӨУЗ-дің ағуын тоқтатуға, оның булануын азайту мақсатында ағып жатқан КӨУЗ-ді сумен немесе газдандырмайтын ертінділермен араластыруға және залалсыздандыруды қамтамасыз етуге;

- өндірістік жайлардың газға толуын болдырмау мақсатында ауа тартатын желдеткіштерді өшіруге;

- өрт ошақтарын жоюда теріні қорғау құралдары бар бір ауысымның жеке құрамының жұмыс уақытын белгілеп, ауысым санын анықтауға;

- жеке құрамды жұмысқа тек қана ажыратушы противогаздар және арнайы костюмдермен жіберуге;

- жеке басты қорғау қорын, КӘУЗ звеноларын, күштер мен құралдар резервтерін құруға;

- химиялық залалдану аймағына кіретін жерде орта немесе кіші бастық құрамындағы адам басқаратын қауіпсіздік бекетін қоюға міндетті.

163. Өрттен кейін ӨСБ:

- химиялық залалдану аймағында жұмыс істеген жеке құрамды санитарлық тазартуды, медициналық куәландыруды ұйымдастыруға;

- киім-кешекті, жабдықтарды және техниканы дегазация жасауға міндетті.

II Тарау

Үйлер мен құрылыстардағы өртті сөндіру

164. Үйдің қабаттарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- "Б" су жабу оқпандарын және көбікті пайдалануға, күшті оқпандарды тек қатты өршіген өрттерге пайдалануға;

- суды жоғары қабаттарға немесе шатырға беру үшін құрғақ мұржаларды және көтергіш су сорғыштарды іске қосып ішкі өрт крандарын қолдануға;

- егер жану бір немесе бірнеше қабаттарда болып жатса, оқпандарды жанып жатқан қабатқа (қабаттарға), ал жоғары және төмен орналасқан қабаттарға сақтық үшін резервтегі оқпандарды енгізуге;

- желдеткіш, қоқыс арналары, конструкцияның шахталары және қуыстары арқылы қабаттарға оттың таралуы мүмкін болған жағдайда оқпандарды өрт ошағына, жоғары және төмен орналасқан қабаттарға және шатырға енгізуге, оттың таралуын болдырмас үшін бос конструкцияларды аршып және оларға су себуге;

- жанып жатқан қабаттағы жайларда сөндіру жұмыстарын бір мезгілде жүргізуге, күштер мен құралдар жетіспеген жағдайда оқпанды ең шеткі жатқан жайдан бастап өрттің ортасына қарай ауыстыра отырып сөндіруді бірте-бірте жүзеге асыруға;

- тез жанбайтын және жанатын конструкциялы қабырғалары немесе бөлгіштері бар қабаттарда резервтегі оқпандарды жанбаған қасындағы жерге беруге, негізгі қабырға болғанның өзінде басқа саты торынан жанып жатқан жай мен аралас жайды тексеруге;

- от тиюі мүмкін барлық жерге бақылау аршуын жүргізіп, жанып жатқан және онымен аралас жайларды ұқыпты тексеруге, іші қуыс тік конструкциялардың төменгі және жоғары бөліктеріне айрықша назар аударуға;

- төбе жанған және оның құлау қаупі болған кезде төбеден және төмен орналасқан қабаттардан адамдарды және материалдық құндылықтарды аулақ әкетуге;

- қабаттарға оқпандарды саты торлары арқылы, жекелеген жағдайларда құтқару жіптерін пайдаланып терезе, балкон, өрт сатылары, автокөтергіштер арқылы беруге;

- жанған төбені көбікпен өшіруге, конструкцияны бөлшектеуді жоғарыдан және төменнен бір мезгілде жүргізуге міндетті.

165. Жертөледегі өртті өшіру кезінде ӨСБ:

- өртке қауіпті заттар мен материалдардың барлығын және олардың сипатын, жертөле жайларының жобалануын төбе конструкциясын және оттың қабаттар мен шатырға таралу мүмкіндіктерін анықтауға;

- маңдайшалар мен түтін айдайтын құралдарды пайдаланып саты торларын түтінденуден сақтаудың шараларын қолдануға;

- ойықтар арқылы өрт ошағына тез кіру мүмкін болмаған жағдайда төбелердегі немесе қабырғалардағы ашылатын тесіктердің орынын анықтауға міндетті.

166. Жылу жолдары туннельдеріндегі өрт кезінде ӨСБ:

- құбыр өткізгіштердің жылу ажыратқыштарындағы жану шекарасын анықтауға;

- объектінің техникалық қызметкерінің көмегімен жылу өткізгіштің температурасын төмендетудің шарасын қолдануға;

- өрт таралуының алдын алу мақсатында құбыр өткізгіштерден жылу ажыратқыштарды бөлуді ұйымдастыруға;

- "Б" оқпанын беруге немесе туннельді көбікпен, бумен немесе инертті газдармен толтыруға міндетті.

167. Шатырдағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- ережедегідей бірінші оқпандарды саты торлары бойымен беруге;
- түтінді кетіру, температураны түсіру, шатыр жайларына оқпандарды беру үшін шатырды аршуды ұйымдастыруға;
- жабу оқпандарын, себу оқпандарын беруге, дымқылдағыш пен көбікті қолдануға;
- оқпандарды екі бағытта: саты торлары және шатыр жағынан (шатыр терезесі және аршылған шатыр жапқыш арқылы) беруге;
- жанып жатқан төбені шатыр жағынан сияқты, төменнен де ашуды ұйымдастыруға;
- қашанда үйдің жоғары қабатында резервтегі оқпандарды ұстауға;
- тік және мұзды шатырларда жұмыс істеген кезде қауіпсіздік шараларын қолдануды қамтамасыз етуге міндетті.

168. Салынып жатқан үйлердегі өртті өшірген кезде ӨСБ:

- оқпандар мен үйдің негізгі конструкцияларын, ағаштарын (тіреулерін), баспалдақтарын (траптарын), өтпелі жолдарын қорғауды қамтамасыз етуге;
- сырттағы тіректер жанған кезде қуатты су ағындарын беріп оттың үй ішінде таралудан сақтандыруға;
- өршіген өрт кезінде үйдің ішіне лафетті оқпандар және "А" қол оқпандарын беруге;
- қажетті мөлшердегі оқпандарды беру мүмкін болмаған кезде өртке қарсы бөліп тастау орын жасап, тіректерді бөлшектеуге;
- саты торларын негізгі тірек бекеттері деп есептеп, шығатын жолдарды қамтамасыз етуге, оқпаншылардың бағытын анықтауға, жекелеген жағдайларда сөндіруді автосатылардан, автокөтергіштерден және мұнаралы крандардан берілген оқпандар арқылы жүргізуге міндетті.

Биік қабатты үйлердегі өртті өшіру

169. Биік қабатты үйлердегі өрт кезінде:

- көмек қажет ететін адамдардың көп болуы, үрейдің тууы;
- құтқару жұмыстарын жүргізудің қиындығы;
- үйдің ішіндегі сияқты сыртында да тік бағытта отпен бірге уландырушы жану өнімдерінің таралуы;
- лифті шахталары және басқа тік арналар арқылы саты торларының және жоғары қабаттардың түтінденуі;
- өрт болған жердегі (дәлізде және саты торында) қабаттардың әкету жолдарында жоғары температураның болуы;
- үйдің жағалай стилобадтың болуы және кіре беріс алаңының болмауынан құтқару жұмыстары жүргізу үшін автосаты мен автокөтергіштерді орнатудың қиындауы;
- әсіресе үйдің жоғары қабаттарына сөндіру құралдарын берудің қиындығы мен күрделілігінің болуы;
- өрт сөндіруге қатысушыларға күштерді және құралдарды басқаруды қиындықтар тууы;
- құтқару жұмыстары мен өртті сөндіру кезінде арнайы техникалық құралдарды қолданудың қажет болуы мүмкін.

170. Биік қабатты үйлердегі өртті сөндіру кезінде барлауды бірнеше барлау-құтқару топтарымен жүргізу қажет.

Барлау-құтқару топтары кем дегенде 3-5 адамнан тұруы және өздеріне қажетті ӨТҚ, байланыс құралдары (ажыратушы противогаздары, алып жүретін радиостанциясы, сөйлеу құралдары, ұзындығы 50-60 м, құтқару жіптері, жарық беру құралдары) болуы керек.

171. Өрт үйдің қай қабатынан шыққанына қарамастан барлау-құтқару тобының бірінші кезектегі негізгі мақсаты адамдарға қауіп төну шамасын анықтау. Бұл ретте айрықша назар жанып жатқан және жоғары орналасқан қабаттардағы жайларға аударылуы тиіс.

172. Өрт сөндіру басшысы барлау жүргізу кезінде негізгі мақсаттарды орындаудан басқа:

- әкімшілік өкілінен үйде адамның бар-жоқтығын және санын анықтауға;

- өрт болған жерден төмен немесе жоғары орналасқан қабаттарға түтінденбеген саты торларымен үйдің үстіне, түтін бармайтын аралас жайларға, балкондар, лоджиялар және т.б. арқылы басқа жаққа әкетудің қысқа жолдарын анықтауға;

- ішкі өртке қарсы су құбырының өрт су сорғыштары іске қосылғандығын және тұрақты өрт сөндіру, түтінді сейілту және температураны түсіру құралдарын пайдалануға болатындығын анықтауға;

- түтінге қарсы қорғаныс жүйесінің іске қосылғандығын және оның жұмыс тиімділігін анықтауға;

- саты торларының, балкондардың, өрт автокөтергіштерінің, автосатылардың, сондай-ақ басқа да құтқару құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін білуі тиіс.

173. Биік қабатты үйдегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- адамдарға қауіптің шамасын, оларды құтқарудың жолдары мен тәсілдерін анықтауға;

- адамдарды құтқару бірінші кезекте түтінденбеген саты торларымен жүргізуге, автомобиль және қол өрт сатыларын, автокөтергіштерді және басқа құтқару құралдарын пайдалануға;

- арнайы ГТҚЖ бөлімшелерінен құтқару - іздестіру топтарын құруға;

- өрт орнында аса қысқа мерзімде автосатылар мен автокөтергіштердің қажетті санын, КТҚЖ бөлімшелерін шоғырландыруға;

- су (көбік) беру үшін бірінші кезекте ішкі өрт крандары мен құрғақ мұржаларды, жылжымалы құралдарды бір мезгілде қанат жайдыра отырып пайдалануға;

- жеке құрамды және өрт - техникалық жарақтарды қабаттарға көтеруді саты торлары, автосаты, автокөтергіш, вертолеттердің көмегі арқылы жүзеге асыруға;

- шлангі жолдарын 13-ші қабатқа және одан биік үйдің сыртынан сырғытпа немесе құтқару жібінің көмегі арқылы, одан әрі әрбір шлангіні үйдің негізгі конструкциясына екі шлангі ұстағыш арқылы бекіте отырып жүргізуге;

- жеке құрамды және өрт машиналарын құлаған шынылар мен басқа заттардан сақтау жөніндегі шараларды қолдануға;

- шланг жолдарының жұмысын бақылау үшін тік жүргізілген бір шланг жолына бір бекет есебінен резервті шлангілері бар бекеттер қоюға міндетті.

Ауруханалардағы, балалар мекемелеріндегі және мектептердегі өрттерді өшіру

174. Ауруханалар, балалар мекемелері және мектептер үшін: белгілі бір адамдар категориясының (аурулар, жас балалар және басқалар) болуы, жайлардың айырықша жобалануы, желдеткіш және ауаны салқындатудың дамыған жүйесі, дәріхананың, дәрі-дәрмек қоймасының, рентген пленкаларының және химиялық реактивтердің, газды балондардың және т.б. болуы., арнайы медициналық апаратумен және электр қондырғыларымен жабдықталу тән.

175. Өртті барлау кезінде негізгі міндеттерді орындаудан басқа:

- медицина қызметкерлерінің қауіп төнетін жайлардан ауруларды басқа жаққа әкету жөнінде қандай шаралар қолданғандығын;

- басқа жаққа әкетілуге тиісті аурулар саны және олардың тасымалға жарайтындығы, басқа жаққа әкетудің жолдары мен ретін;

- медицина қызметкерлерінен ауруларды басқа жаққа әкету жөніндегі жұмысқа кімді тартуға болатындығын және оларды аппаратын орынды;

- барлау мәліметтерін және қызмет көрсетуші адам және жану өнімдерінің шығуы мүмкіндігін анықтау қажет.

176. Ауруханада өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- барлау мәліметтерін және қызмет көрсетуші адамдардың ұсыныстарын жан-жақты бағалауға, қалыптасқан жағдайды, ауруларды ойдағыдай басқа жаққа әкетуге оның қаншалықты әсер ететіндігін білуге;

- медицина қызметкерлерімен бірлесіп ауруларды басқа жаққа әкетуді ұйымдастыруға;

- жеке құрамның жұмысы кезінде қызмет көрсетуші адамдардың кеңесін ескере отырып, әсіресе, перзентханаларда, жүйке-психиатриялық және инфекциялық емханаларда үрей тудырмаудың шараларын қолдануға;

- дәрі-дәрмектер, дәріханалар, фармацевтикалық бөлімдер мен емдеу кабинеттерінің жабдықтарын төгілген судан сақтауды қамтамасыз етуге;

- инфекциялық бөлімдерде өртті сөндіргеннен кейін өрт бөлімшелерінің жеке құрамын медицина қызметкерлерінің нұсқауларын басшылыққа ала отырып санитарлық тазартуды ұйымдастыруға міндетті.

177. Мектептегі өртті өшірген кезде ӨСБ:

- оқушылардың саны мен жасын анықтауға;
- ұстаздармен бірге балаларды, бірінші кезекте жас балаларды жоспарлы түрде және тез басқа жаққа әкетуді ұйымдастыруға;
- құнды жабдықтарды қорғау немесе басқа жаққа әкетуді қамтамасыз етуге;
- басқа жаққа әкеткеннен кейін мектеп басшыларынан оқушыларды санап шығуға және мектептің барлық жайларын, әсіресе түтіндегендерін ұқыпты қарап шығуды талап етуге міндетті.

178. Балалар мекемелеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- балаларды басқа жаққа әкетуді қызмет көрсететін адамдармен бірге жүргізуге;
- балалардың ойын және ұйықтау бөлмелерінде, қосалқы жайларда, шкафтарда, кереуеттің үсті мен астында, перделердің және әртүрлі жиһаздардың артында қалмағанын ұқыппен тексеруге міндетті.

Мәдени-сауық мекемелеріндегі өртті сөндіру

179. Мәдени-сауық мекемелеріндегі өрттерді сөндіру, әсіресе олардың жұмысы кезінде, адамдарды басқа орынға әкетумен және құтқаруға қатысты күрделі жұмыстармен байланысты, бұл объектілердегі өрт кезінде:

- көрермендер залында және сахна кешенінде адамдардың көп болуы және үрейдің орын алуы;
- оттың сахна үстімен тез тарап, оның көрермендер залына және шатырға өтуі, сондай-ақ өрттің желдеткіш жүйелерімен, қуыстармен таралуы;
- көрермендер залы үстіндегі аспалы төбенің құлауы мүмкін.

180. Мәдени-сауық мекемелеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- үрейді болдырмау шараларын қолдануға;

- аса қысқа мерзім ішінде көрермендерді залдан, бірінші кезекте галереядан, балкондардан және белэтаждардан басқа жаққа әкетуді ұйымдастыруға және жүргізуге міндетті.

181. Сахнада өрт болғанда:

- оқпандарды сахнаға көрермендер залы жағынан декорация ұстағыштар мен сахна қалтарыстарын қорғай отырып, сондай-ақ сахнамен аралас жайлардың ойықтарына оқпандарды бір мезгілде беру;

- өртке қарсы пердені түсіріп және оны көрермендер залы жағынан салқындату;

- сөндіру мен қорғаудың тұрақты құралдарын (дренжерлік және өрт сөндірудің басқа қондырғыларын, лафетті оқпандарды) іске қосу;

- жанған декорацияны сахна үстіне түсіру;

- күштер мен құралдар жетіспегенде, от пен түтіннің көрермендер залына өтуіне анық қауіп төнгенде, сондай-ақ онда көрермендер болған жағдайда түтінденуді болдырмау мақсатында түтін люктерін ашу;

- көрермендер залының шатырында жанудың баржоқтығын тексеру керек.

182. Әдетте, трюмде өрт болған кезде көбікті пайдаланып, сахна беті мен оркестер отыратын жайды қорғауды қамтамасыз ету, содан соң оқпандарды басқа жайларды қорғауға енгізу керек.

183. Декорация ұстағыштар жанған кезде оны сөндіру үшін бірінші оқпандарды саты торлары жағынан беру қажет, сыртқы және автосатылар арқылы оқпандар жамылғыларға беріледі және резервтегі оқпандар көрермендер залының шатыр жайына енгізіледі.

184. Көрермендер залында өрт болғанда:

- сахна мен шатырды қорғау үшін оқпандарды өрт ошағына беру, содан соң оқпандарды басқа жайларды қорнауға беру;

- өртке қарсы пердені түсіріп және оны үздіксіз салқындату;

- шатырдағы температураның төмендеуіне және төбелерге салмақ түсуін болдырмауға айрықша назар аударып, аспалы төбелерді қорғаудың шарасын қолдану;

- желдеткіш жүйелерін тексеру, қажет болған жағдайда ауа жүретін жолдарын ашып, оған оқпандар беру;

- жұмыс істеушілерді жапсырма және басқа безендірулердің, үйдің әртүрлі конструкцияларының, көтергіштердің және т.б. мүмкін болатын құлауларынан сақтауға айрықша назар аудару керек.

Мұражайлардағы, архив сақтау орындарындағы, кітапханалардағы, кітап сақтау орындарындағы, көрмелердегі және есептеу орталықтары жайларындағы өрттерді сөндіру

185. Мұражайлар, архив сақтау орындары, кітапханалар, кітап сақтау орындары, көрмелер, есептеу орталықтарының жайлары айтарлықтай көлемімен және аумағымен, жобалау күрделілігімен, кіру және терезе ойықтарының болуымен, жанатын материалдардың және бірегей құндылықтардың көптігімен ерекшеленеді.

186. Мұражайлардағы, кітапханалардағы, көрмелердегі және есептеу орталықтары жайларындағы өрттерді сөндіру, әсіресе олардың жұмысы кезінде, материалдық құндылықтарды басқа жаққа әкетудің, адамдарды құтқарудың қажеттігімен байланысты. Бұл объектілерде, сондай-ақ кітап сақтау орындарындағы және архив сақтау орындарындағы өрт кезінде:

- адамдардың көп жиналуы, үрейдің орын алуы;
- ғылыми, тарихи және көркем құндылықтардың оттан, түтіннен және судан зақымдануы;
- барлық жайлардың тез түгіндеуі, жоғары температура;
- металл конструкцияларының, сөрелердің құлауы және өтетін жолдарда үйінділердің пайда болуы мүмкін.

187. Мұражайдағы, архив сақтау орынындағы, кітапханадағы, кітап сақтау орындағы, көрмедегі өртті сөндірген кезде ӨСБ:

- әкімшіліктен бірегей құндылықтардың тұрған орнын және оларға от пен түтіннің қауіп туғызу шамасын, оларды басқа жаққа әкетудің қажеттілігін және кезегін анықтауға;
- сөндіру үшін қандай өрт сөндіру заттарын қолдануға болатындығын анықтауға;

- өрт сөндіруді материалдық құндылықтарды төгілген судан қорғаумен қатар жүргізуге;

- өрт сөндіруді және конструкцияларды бөлшектеуді экспонаттарды және жайдың сәулеттік көркемделуін сақтай отырып жүргізуге;

- төбе, аралық қабырғалардың, желдеткіш және калориферлік арналардың, сәулет конструкцияларының қуыстарын олардың бойымен оттың таралуынан сақтық шараларын қолдана отырып, ұқыпты тексеруге;

- әдеттегідей, резинке аралас шлангілерді қолдануға, ал сөндіруге жабылатын "Б" оқпандарын, көбік, шашыранды су, от сөндіретін ұнтақтар, инертті газдарды қолдануға міндетті.

188. Есептеу орталықтары жайларындағы өртті өшіру кезінде ӨСБ:

- әкімшіліктен өрттің орнын, машина залының орналасу ретін, ғылыми құндылықтар мен оларға от пен түтіннің қауіп шамасын, өрт сөндіру автоматы қондырғысының істегендігін анықтауға;

- қандай от сөндіру заттарын іске қосуға болатындығын анықтауға, әдеттегідей от сөндіру ұнтақтарын, инертті газдарды және көбікті қолдануға;

- әкімшілікпен келісе отырып, қуат және жарық беру жүйелерін, желдеткіштерді, тоңазытқышты, ауа салқындатқышты өшірудің шарасын қолдануға;

- қандай жабдықтар, машианалар және аппараттар әсіресе құнды екенін және оларды қорғау жөнінде қандай шаралардың қажет екенін анықтауға;

- өрт сөндіруді зем және басқа материалдық құндылықтарды төгілген сулардан қорғау отырып жүргізуге;

- еден астындағы, төбедегі, аралық қабырғадағы, желдеткіш және калориферлік арналардағы қуыстарды ұқыпты тексеруге, оттың тарамау шарасын қолдануға міндетті.

Химия, мұнай өңдей, мұнай-химия және фосфор өнеркәсібі объектілеріндегі өртті сөндіру

189. Химия, мұнай өңдеу, мұнай-химия және фосфор өнеркәсібі объектілеріндегі өрт кезінде:

- қысымда тұрған технологиялық аппараттар, коммуникациялар немесе бір

мезгілде төгілген сұйықтар мен алаулардың;

- улы булар мен газдар, материалдардың термикалық шіруінен уландырғыш өнімдердің;

- сөндіру үшін арнайы құралдарды қажет ететін заттардың болуы мүмкін.

190. Өртті барлау кезінде негізгі міндеттерді орындаудан басқа:

- жарылу, бұзылу қаупінің, технологиялық жабдықтар мен коммуникациялардың бүлінуі, жабылатын және ауа жүретін арматуралардың, электр кабелдері жолдарының және бақылау - өлшеу приборларының, металл негізді конструкциялардың барлығын және оларды сақтау мен қорғау жөнінде қолданылған шараларды;

- объектіде сөндірудің арнайы құралдары барлығын, оларды қолданудың мүмкіндігі мен мақсаттылығын, сондай-ақ от сөндіруші құралдарды толтырғаннан кейін қайта іске қосудың;

- жарылыс, күйу, улану, күшті термикалық бұзылу немесе агрессивті және улы массалар шығаруға қабілетті заттардың құрамын, санын және тұрған орнын, бұл заттарды қауіпті аймақтан басқа жаққа әкетудің немесе қорғаудың тәсілдерін;

- ашық ауада сумен, сілтілермен, қышқылармен, от сөндіруші және басқа заттармен тез өзара іс-әрекетке қабілетті заттардың барлығын, тұрған орнын және санын, өртті сөндіру кезінде қауіпсіздік шараларын;

- электр энергиясын, тоңазытатын заттарды, суды, буды, инертті газдарды өшірген кезде өрттің немесе жарылыстың мүмкін болатын орнын;

- технология ережесі бойынша жоғары температураға дейін қыздырылған аппараттардың, жабдықтардың және құбыр өткізгіштердің;

- техникалық себептермен кенет аппаратты тоқтату мүмкін емес технологиялық қондырғыларды;

- көрші цехқа, қондырғыға оттың өтуі немесе аппараттың таралу қаупі, желдеткіш жүйелері мен өндірістік коммуникацияларды жабудың мүмкіндігі, технологиялық аппараттарда қысым мен температураны төмендетудің;

- ұзақ сөндіру кезінде өндірістік канализацияның өткізу қабілетін және цех (қондырғы) аймағынан суды бұрудың мүмкіндігін анықтау қажет.

191. Химия, мұнай өңдеу, мұнай-химия, фосфор өндірісі объектілеріндегі өртті өшіру кезінде ӨСБ:

- өртте шұғыл штаб құруға;
- объектінің газдан құтқару және басқа арнайы қызметтерімен бірге адамдарды құтқарудың шараларын қолдануға;
- жанған заттардың сипатын ескере отырып сөндіру заттарын қолдануға, өрт сөндіру қондырғыларын, от сөндіру ұнтақтарын, көбікті, арнайы ертінділерді барынша пайдалануға;
- уландырушы заттары немесе газы бар жайларда және ашық алаңда, сондай-ақ оған іргелес жатқан аймақтарда жұмыс істеуші жеке құрамды сол объектіде бар ажыратушы немесе арнайы противогаздармен және қорғаныс костюмдерімен қамтамасыз етуге;
- басқа жаққа әкетілетін заттарды ұстағанда сақтық сақтауға, қызмет етуші адамдардың нұсқауларын, сондай-ақ метеорологиялық жағдайды ескеруге;
- өртті сөндірумен бірге жоғары температураның әсерінен қауіп туатын үй конструкцияларын және технологиялық қондырғыларды, аппараттарды салқындатуды қамтамасыз етуге;
- технологиялық процесс жағдайы бойынша жоғары температурада жұмыс істейтін аппараттардың, жабдықтардың және құбыр өткізгіштердің су тиюден бұзылу, бүліну және үзілуін болдырмас үшін бұл аппараттарды, жабдықтарды және құбыр өткізгіштерді қорғау мен салқындатуды объектінің инженер-техник қызметкерлерімен келісуге;
- каучук немесе резина - техникалық бұйымдарды сөндірудің бастапқы кезінде суды барынша көп беріп жанудың қарқыны бәсеңдегеннен кейін оқпандағы суды көбікке алмастыруды қамтамасыз етуге;
- коммуникацияларды, аппараттарды және құбыр өткізгіштерді газдың келуі толық толықтағанға дейін оны алаулай жандырып салқындатуға;
- алаулап жанған кезде температураны төмендету үшін жану аймағына ұшына (НРТ) және т.б. ұштары бар оқпандарды пайдаланып жану аймағына шашыранды су беруге;

- жылу ажыратқыштармен жабылған аппараттар мен құбыр өткізгіштерді бұзбай қорғау мен салқындатуға шашыранды ағындар беруге;
- жарылыстар кезінде болатын жаңа жану ошақтарын сөндіру үшін сөндіру құралдары бар автомобилдегі жылжымалы бақылаушылар және бекет қоюға;
- жанған сұйықтардың және еріген заттардың жанжаққа ағуын болдырмас үшін құмнан, топырақтан, қиыршық тастан бөгеттер құруды қамтамасыз етуге, ал күшті әсер ететін улы заттар бұлтының қозғалысы алдынан объект қызметкерлерін қатыстыра отырып шашыранды судан перде қоюға;
- ұзақ өрт жағдайында және цех (қондырғы) аймағынан суды өндірістік канализация арқылы ағызу мүмкін болмаған жағдайда апатты жою жөніндегі жұмыстың жауапты басшысымен бірге техниканы және қолдағы бар құралдарды пайдаланып суды басқа жаққа бұруға;
- вакуумде жұмыс істеуші технологиялық аппараттарға апаттың таралуы немесе оттың ауысуынан жарылыс қаупін болдырмас үшін оларды су буымен немесе инертті газбен толтырып және жиі салқындатып тұруға;
- органикалық емес қышқыл немесе күйдіретін басқа заттар болғанда жұмыс істеуші жеке құрамды резеңке етіктермен, қолғаптармен, алжапқыштармен объекті әкімшілігі арқылы қамтамасыз етуге;
- технологиялық қондырғыларда, аппараттарда, коммуникацияларда және сыйымдылықтарда фосфор шығуымен байланысты өрттерді сөндірген кезде 5 проценттік мыс купоросы қосылған көбіктендіргіштің 2 проценттік судағы ерітіндісін қолдануға;
- улы заттар болған кезде объектінің медициналық қызметінің ұсынысы бойынша өртті сөндіргеннен кейін жеке құрамды санитарлық тазалаудан өткізуге техниканы тазартуға міндетті.

Энергетикалық кәсіпорындардағы және электр қондырғылары бар жайлардағы өртті сөндіру

192. Энергетикалық кәсіпорындардағы және электр қондырғылары бар жайлардағы өрт кезінде:

- генератордың, трансформаторлардың және бөлуші қондырғылардың май жүйелері зақымданған кезде жанған майлардың кабелдік туннельдерге, жарты қабаттарға және май жертөлелеріне ағуы; сондай-ақ жанған жылтқыш, үйдің конструкциялық элементтері бойымен оттың тез таралуы;

- барлық химиялық заттармен, оның ішінде кәдімгі сөндіру құралдарымен де әрекет жасайтын, жоғары температура, уландырушы газдар бөлетін, ал олардың кейбірімен қопарылыс жасайтын сұйық металдық жылу шығарғыштардың (натрийдің, калийдің) жануы;

- радиацияның қауіпті деңгейінің тууы;

- сутегі салқындатқыш жүйелерінің бұзылуы кезінде жарылу қауіпі бар құрамның құрылуы;

- тұрақты радио байланысының бұзылуы;

- уландырғыш өнімдерінің түзілуінен қалың түтіндеудің пайда болуы мүмкін.

193. Оттың таралуы мүмкін барлық бағыттар бойынша барлауды бастық құрамындағы тәжірибелі адамдар басқаратын ГТҚЖ звенолары жүргізуі тиіс.

194. Өртті барлау кезінде негізгі міндеттерді орындаудан басқа:

- энергетикалық объектілердің ауысым жөніндегі аға қызметкерімен байланыс орнату, одан өрттегі жағдай туралы мәліметтер мен сөндіруге жазбаша рұқсат алу;

- қандай жүйелерді тоқтату немесе іске қосу қажеттігін;

- өрт сөндірушілердің іс-қимылы мүмкін болатын және болмайтын участоктер мен жайларды;

- сөндіру жұмысы барысында өрт сөндірушілер үшін қандай электр қондырғылары қауіпті, өрттің таралуына қандай жүйелер мен агрегаттар жағдай жасайтынын;

- кернеуде тұрған, радиоактивті, улы заттар, жанған сұйық металдық жылу шығарғыштар болған кезде өрт сөндіру кезінде қауіпсіздікті қалай сақтау керектігін анықтау қажет.

195. Энергетикалық кәсіпорындардағы және электр қондырғылары бар жайлардағы өртті сөндіру кезіндегі ӨСБ:

-
- электр станциялары мен кіші станциялардағы электр қондырғыларында өртті сөндіру нұсқауының талаптарына сәйкес өрт сөндіруді ұйымдастыруға;
 - өрттің көлеміне және жұмыс істеуші бөлімшелердің санына қарамастан өртте шұғыл штаб құруға;
 - электр қондырғыларына өрт сөндіруші заттарды беруге объектінің техникалық қызметкерлері ішінен немесе шұғыл шақыруға шығатын бригаданың өрт бөлімшелерінің жеке құрамының аға қызметкерінің тиісті нұсқауынан кейін ғана кірісуге;
 - электр қондырғыларындағы өртті сөндіру және жамылғыларды қорғау үшін бірінші кезекте өрт сөндірудің тұрақты құралдарын және алып жүретін лафетті оқпандарды қолдануға;
 - генераторларды салқындатуға сутегін беруді тоқтатуды қамтамасыз етуге;
 - тұрақты кезекші қызметкерсіз энергетикалық объектідегі шақыруға шығатын бригада келгенше өртті тек талданған және келісілген жоспар бойынша сөндіруге, объектіге қызмет ететін қызметкерлерді шақырудың шараларын қолдануға;
 - электр желілерін және электр қондырғыларын токтан ажырату жөнінде құрамның өз бетінше әрекетіне жол бермеуге, сондай-ақ от сөндіретін заттарды бермеуге;
 - жанып жатқан электр қондырғыларына жылжымалы өрт қондырғыларынан от сөндіруші заттарды тек қана оларды алдын ала токтан ажыратқаннан кейін беруге, электр қондырғыларында, электр станцияларында және кіші станцияларда өрттерді сөндіру жөніндегі нұсқауда айтылған жағдайлардан басқасында;
 - қатты түтінденген жайларға электр қондырғыларынан кернеуді өшірмей от сөндіруші заттарды әперуге жол бермеуге;
 - электр қондырғылары бар жайларға өрт күзетінің жеке құрамының көп жиналуына жол бермеуге;
 - трансформаторлардың және басқа май толтырылған электр жабдықтарының ішіндегі отты ұнтақпен, төмен еселік көбікпен, немесе су шашып

сөндіруге, оқпандарды қызбайтын өткізгіштердің тесіктері арқылы беруге міндетті, бұл реттет трансформатордан майдың апатты төгілуіне жол бермеу керек.

Ескерту: 195-тармақтың қазақша аудармасы болмағандықтан, мәтін орысиада беріліп отыр.

196. Заземление ствольов, генераторов, насосов пожарных автомобилей проверяет обслуживающий персонал энергетического объекта совместно с ответственным лицом за технику безопасности, назначенным РТП. Места заземления передвижной техники обозначают условными знаками заземления. Требуемое число заземлителей, изготовленных из гибкого голого медного провода сечением не менее 12 мм в квадрате, диэлектрическая обувь и перчатки с резервом неприкосновенно хранятся на энергетических объектах и не пользуются только в случае тушения пожара.

197. Атом электр станциялары объектілеріндегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- сөндіруді осы жарғының 192-195 баптарының талаптарына сәйкес ұйымдастыруға;

- осы жарғының 158-160 баптарының талаптарын сақтай отырып радиациясы жоғары деңгейдегі аймақта немесе жайда өртті сөндіру жөніндегі оқшау жауынгерлік учаскелер құруға;

- радиациясы жоғары аймақтарда істейтін бөлімшелермен және звенолармен тұрақты байланыс орнатуға және ұстауға, қажет болғанда жұмысты атқарудың тәртібі туралы нұсқау беруге міндетті.

Үлкен алаңды қамтыған өртті өшіру

198. Үлкен алаңды қамтылған өрт кезінде:

- жамылғының төменгі беттерімен және қуыстарымен оттың тез таралуы және түгіннің көп көлемде бөлінуі;

- жамылғының құлауы және оларды аршу жөніндегі қиын жұмыстар жүргізудің қажет болуы;

- өрт ошағының үйге сырттан кіретін есіктен тым қашықта болуы мүмкін.

199. Үлкен алаңды қамтыған өртті сөндіру кезінде оқпандарды сөндіру мен қорғаудың екі бағытына: үйдің ішіне және жамылғыға беру қажет.

200. Үлкен алаңды қамтыған өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- жануды төменгі тұстан тұрақты және алып жүретін лафетті оқпандармен және "А" оқпандарымен жамылғыны - "А" және "Б" оқпандарымен сөндіруге;

- үйдің ішіндегі өртті сөндіру кезінде от сөндіретін құралдарды енгізумен бірге терезенің немесе жарық шамдарының жоғары бөліктерін ашып, түтінді шығаруды ұйымдастыруға;

- құрғақ мұржалар мен ішкі өрт крандары барлығын және пайдалану мүмкіндігін анықтауға;

- өртке қарсы отқа төзімді аймақ болған кезде оттың аймақтық астымен де, сондай-ақ шатыр жапқыштың үстімен де өту мүмкіндіктерін ескеруге;

- оттың тез таралуы кезінде жамылғыларда бөліп тастауды ұйымдастыруға, бастапқы шеп ретінде отқа төзімді аймақтарды, өртке қарсы қабырғаларды пайдаланып, осы бекеттер жанында қажетті оқпандар санын шоғырландыруға;

- сөндіру барысында жамылғы конструкциясының беріктігіне тұрақты бақылау қажеттігін, жеке құрамды қауіп туралы ескертуге, сондай-ақ жеке құрамның жамылғы үстінде және астында артық жиналуына жол бермеуге міндетті.

Жанатын полимерлік жылтқыштар қосылған металл конструкциялы үйлердегі өрттерді сөндіру

201. Жанатын жылтқыштары бар (понополистирол, пенополиуретан және басқа) металл конструкциялы үйлер мен құрылыстардағы өрт кезінде:

- қабырға және төбе панельдерінің полиметрлік жылытқыштары арқылы оттың тез және жарысып таралуы;

- жанған полиметрлік жылытқыштың және битумның еруінен үй ішінде өрттің жаңа ошақтары шығуы;

- жамылғылардың және басқа қорғалмаған металл конструкциялық элементтердің бұзылуы мен құлауы мүмкін.

202. Өртті сөндіру кезінде оқпандарды бірнеше бағыттарда:

- үйдің ішіне - жамылғының негізгі конструкцияларын, төменгі деңгей тіреулерін, шатыр шапқыш панельдер мен қабырға панельдерінің ішкі беттерін, сондай-ақ үйдің ішіндегі ошақтарды өшіру мен материалдық құндылықтарды қорғау үшін;

- үйдің сыртқы жамылғысына - бүкіл алаң бойымен оттың таралуын болдырмау және сөндірумен бір мезгілде түтінді шығару және температураны түсіру, сондай-ақ жамылғы кілемшелерді ашу және жылтқышта бөліп тастау үшін;

- қабырғаның сыртқы бетінде - конструкцияны аршу және бөліп тасаумен бір мезгілде қабырға панельдерін салқындату және өшіру үшін беру қажет.

203. Жанатын полиметрлік жылытқыштары бар металл конструкцияларынан жасалған үйлердегі өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- жамылғыны сөндіруді "А" және "Б" оқпандарымен жүргізуге;
- жамылғының, төменгі белдеу тіреулерінің, шатыр панельдерінің және қабырға панельдерінің ішкі беттерінің негізгі конструкцияларын салқындатулы лафетті оқпандармен және "А" оқпандарымен жүргізуге;
- үйдің ішіндегі өрт ошағын сөндіруді және материалдық құндылықтарды қорғауды "Б" оқпандарынан су шашып жүргізуге;
- қабырға панельдерін сөндіруге "А" оқпандарын беруге;
- аралас секциялар мен бөліктерге оттың белдеулер мен бөлуші конструкциялар, өртке қарсы қабырғалар мен аралық қабырғалар арқылы өту мүмкіндігін ескертуге;
- жамылғылардағы өртті сөндіру кезінде негізгі шеп ретінде аэрициялық жарық шамдарын, желдеткіш арналарын пайдалануға;
- өртті сөндіру аяқталғаннан кейін жану ошақтарын жою мақсатында қабырға және төбе панельдерін ұқыпты тексеруге міндетті.

Тоқыма өнеркәсібі орындарындағы өртті сөндіру

204. Тоқыма өнеркәсібі орындарындағы өрт кезінде:

- оттың қопсытылған және тоздандырылған жағдайдағы жеңіл жанатын материалдар бойынша тез таралуы;

- тозаң жиналуы мүмкін желдеткіш қондырғылары мен жайларда жарылыстың болуы;

- шамасыз үлгідегі үйлерден түтінді шығарудың қиындығы тууы мүмкін.

205. Тоқыма өнеркәсібі орындарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- ГТҚЖ-ның күшейтілген звеноларымен бірнеше бағыттарда өртке барлау жүргізуге;

- оқпандарды есік, терезе және технологиялық ойықтар арқылы, саты торлары, көрші жайлар жағынан жанған жердің алдыңғы жағынан беруге, оқпандарды бір мезгілде төмен және жоғары орналасқан қабаттарды және аралас жайларды, тозаң тұратын камералар мен шатыр жайларын қорғау үшін беруге;

- тозаңы бар жайларда су шашатын оқпандарды қолдануға және тек бөлмелер дымқылданғаннан кейін ғана оны оқпанмен сөндіруге;

- ойықтарды қорғау үшін дренчерлік қондырғыларды қосуға, қондырғы болмаған жағдайда ойықтарды оқпандармен қорғауға;

- пневматикалық және монорельстік көліктің желдеткіш жүйелерін өшіруге, егер осы жүйелер бойынша от таралған жағдайда оны сөндіру үшін көбікті қолдануға;

- техникалық шатырларда, "тозаңды жертөлелерде" және басқа жертөле жайларында өрт болған кезде шашыранды суды және көбікті қолдануға міндетті.

Элеватор-қойма шаруашылығының объектілеріндегі, диірмен және құрама жем кәсіпорындарындағы өрттерді сөндіру

206. Элеватор-қойма шаруашылығы объектілеріндегі, диірмен және құрама жем кәсіпорындарындағы өрт кезінде:

- оттың және жану өнімдерінің үйлер арасындағы және төбелердегі ойықтарымен, желдеткіш және аспираторлық жүйелер, дәнді тасымалдау жүйелері арқылы, сондай-ақ құралдар, галлерейлар және басқа құрылыс конструкциялары арқылы оттың тік және көлденең бағыттарда бүкіл үйге таралуы;

- үйдің құлауымен бірге ұн және элеватор тозандарының, бұзылған өнімдердің жарылысы болуы мүмкін.

207. Элеватор-қойма шаруашылығы объектілеріндегі, диірмен және құрама жем кәсіпорындарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- желдеткіш және аспирациялық жүйелерді тоқтатуға және жабуға, кәсіпорын жұмысын тоқтатуға, егер жабу қондырғысы бүлінсе, ауа өткізгішті ашып, оны көбікпен толтыруға;

- сөндіру мен өнімді шығаруды сүрлем немесе бункер көлемінде міндетті түрде ортаны көмір қышқыл газымен немесе азотпен бәсеңдету арқылы жүзеге асыруға;

- элеватор мұнарасындағы өртті сөндіруге оқпандарды сүрлем үстіндегі жайлар жағынан тұрақты сатылар, автосатылар арқылы және мұнараның төменгі жағынан - ішкі сатылар арқылы беруге, сонымен бірге мұнараны диірменмен немесе басқа жайлармен жалғастыратын галереяларды қорғауды қамтамасыз етуге;

- диірмендерде өрт сөндіру кезінде шашыратпа оқпандарды бірінші кезекте өрт ошағына және жоғары орналасқан қабатқа, содан соң оқпанды төменгі қабатқа және ойықтарды қорғауға беруге, ұн және элеватор тозаңы бар және ұн төгілген жайларда өрт ұштары бар оқпандарды пайдалануға, тек содан кейін жайды сөндіруді жинақы оқпанмен жүргізуге, оларды ашық ұн үйінділеріне бағыттамауға;

- тозаңы жанбайтын аралас жайларда конструкциялардың үстін және жабдықтарды ылғалдандыруды шашыратпа оқпандармен жүргізуге;

- жоғары қабаттарға су беру үшін құрғақ мұржаларды және су сорғыш-көтергіштерді іске қосып, ішкі өрт крандарын қолдануға;

- галереялар және транспортерлер бойымен оттың таралуын шектеу үшін су перделерін іске қосуға, сондай-ақ тарнспортер ленталарының бөліктерін кесіп алып тастауға;

- жанбаған жайларда дән мен ұнды судан сақтауды ұйымдастыруға міндетті.

208. Дән кептіргіштерде өрт болғанда желдеткіштердің жұмысын тоқтату, кептіру камерасына жылу бермеу, кептіргіштен қоймаға астық беруді тоқтату және кептіргішке дымқыл дән беруді арттыру керек.

Ағаш өңдеу және целлюлоза - қағаз өнеркәсібі
кәсіпорындарға өрттерді сөндіру

209. Ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өрт кезінде:

- оттың ағаш құрылыстар, галереялар және транспортерлер, желдеткіш жүйелері және эксгаустерлік қондырғылар, сондай-ақ көптеген жану материалдары бойынша тез таралуы;
- картон және қағаз жасайтын машиналардың барлық құрғату бөлігі арқылы оттың жедел таралуы;
- ашық өртте көрші үйлерге және құрылыстарға ұшқындар мен шоқтардың түсуі;
- галереялардың құлауы;
- транспортер ленталарының үзінді және көлбеу галереяларда олардың ең төменгі белгіге құлауы;
- хлордың және басқа уландырғыш заттардың бөлінуі мүмкін.

210. Ағаш өңдеу және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі кәсіпорындарындағы өрт кезінде ӨСБ:

- картон және қағаз жасау машиналарына су оқпандарын және көбікті берумен бірге масса беруді тоқтатудың шараларын қолдануға, өрт кезінде машиналарды тоқтатпауға;
- хлор дайындау және сақтау, хлор өнімдері, күкірт және басқа да уландырғыш заттар жасайтын цехтарда, сондай-ақ оларды тасымалдауға арналған құралдарда жұмыс істейтін бүкіл жеке құрамды (өрт автомобильдері жүргізушілерін қоса) сақтық құралдарымен қамтамасыз етуге;
- хлордың шығуымен байланысты апат жағдайында кәсіпорынның газдан құтқару қызметімен бірлесіп бірінші кезекте хлор бұлттын оның таралу жолында шашыраған су ағындарымен жоюға және газдың шығуын жоюды қамтамасыз етуге, жеке құрамның жұмысын тыныс алу органдары мен теріні қорғайтын құралдарымен қамтамасыз етуге;
- бункерлер мен транспортер ленталарын сақтау үшін жаңқа беретін жер асты бункерлері галереясына оқпандарды беруді, бункерлердің астындағы

жаңқаларды әкетумен және бункердің қосалқы терезелерін ашумен бір мезгілде толассыз су құюды қамтамасыз етуге, өршіген өрт кезінде мүмкіндігінше сумен толтыруға;

- жаңқалар және қабықтар беретін көлбеу галереяларда цех жағынан галереяның жоғары бөлігінен оқпандарды енгізуді және жеке құрамның отқа шабуылын төменнен жоғары қарай ұйымдастыруға міндетті.

Металлургия кәсіпорындарындағы өртті сөндіру

211. Metallургия кәсіпорындарындағы өрт кезінде:

- май өткізгіштерде, кабельдік туннельдерде және қабаттарда, транспортерлік галереяларда, үлкен алаңды жамылғышта және жоғары қысымды гидравлика жүйелерінде оттың тез таралуы;

- өрттің жер деңгейінен төмен және аса жоғарыда болуы және таралуы;

- жану ошағынан айтарлықтай қашықтыққа таралған үлкен көлемдегі қалың түтіннің болуы;

- еріген металдың және қождың төгілуі;

- қысымда тұрған аппараттардағы және құбыр өткізгіштердегі газдардың және сұйықтардың алаулап жануы;

- аймақтың аммиакпен, кокс, домна және басқа газдармен газдануы, газдар мен күйелердің жарылуы мүмкін.

212. Өртті барлау кезінде негізгі тапсырмаларды орындаудан басқа:

- технологиялық жабдықтарды тоқтатудың және электр энергиясын өшірудің мүмкіндігін;

- майды гирожүйеге берудің, жеңіл от алатын және жанатын сұйықтарды шихтаға қоспа ретінде көмір беретін жолдарға беруді тоқтатудың мүмкіндігі мен қажеттігін;

- оттың отын тиейтін тораптарда, траснпортерлік галереяларда, май және кабельдік туннельдерде, жертөлелерде, машина залына таралу мүмкіндігін анықтау қажет.

213. Metallургия кәсіпорындарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- өртте шұғыл штаб ұйымдастыруға;

- жұмыс ауданындағы ауа талдамасына бақылау жасау үшін объектінің газдан құтқару қызметін тартуға, сөндіруді противогаздармен ұйымдастыруға;

- транспортерлік галереялардағы өртті сөндіру үшін негізгі конструкцияларды өшіруге және қорғауға қуатты су оқпандарын беруді ұйымдастыруға, галереялардың тиеу тораптарындағы және сүйеу тіреулеріне қосылатын жерлердегі оқпаншылар позициясын анықтауға;

- прокат стандартындағы өртті сөндіру үшін, әдеттегідей, май өткізгіштер тунельдерін қорғау үшін де және электрлі машина залы жағынан да көбік оқпандарын беруге;

- гидравлика жүйесінен шығып жатқан майдың алаулап жануы кезінде металл фермаларды сөндіру және салқындату үшін қуатты су оқпандарын беруге, объекті әкімшілікті арқылы май беруді тоқтатудың шараларын қолдануға;

- әдеттегідей, май бактарын және май өткізгіш траншеяларын сөндіру және қорғау үшін май жертөлелеріне көбік оқпандарын беруге;

- апат салдарынан майдың және қождың төгілуі болған кезде көрші негізгі конструкцияларды салқындатуға міндетті.

Тоңазытқыштардағы өртті сөндіру

214. Тоңазытқыштардағы өрт кезінде:

- сөрелердің құлауы, сақталатын товарлар мен құлаған конструкциялардан үйінділердің пайда болуы;

- өрт ошақтарының бүркілеп қалуы;

- жайдың қатты түтінденуі және нашар жарық түсуі;

- оттың жоғары қабаттарға жылу ажыратқыш арқылы таралуына жағдай жасайтын негізгі қабырғалармен байланысты емес шахталарының болуы;

- жылу ажыратқыш плиталардың қабырға конструкцияларына бекітілуінің бұзылуы және олардың құлауы;

- өрт кезінде апат және жарылыс болуы мүмкін салқындатқыштардың, сондай-ақ аммиактық және басқа тоңазытқыш беретін қондырғылардың коммуникациялары мен құралдары болуы;

- салқындатқыш коммуникацияларының апаты кезінде улану мен күйіктің болуы мүмкін.

215. Тоңазытқыштағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- өртке қарсы белдеулер (бөлулер) орналастыруға, құрылыс конструкциясы және сақталатын өнімдер туралы мәлімет алуға;

- аммиактың бұлтын судың шашыранды ағындарымен белсенді байытуға;

- желдеткіш жүйелерінің жұмысын тоқтату және салқындатқыш заттарды жанған жайларға берудің, тоңазытқыш қондырғыларын өшірудің өрт бөлімшелерінің жеке құрамы жұмыс істеп жатқан аймаққа салқындатқыштардың шығуына жол бермеудің шараларын қолдануға;

- оттың таралу шекарасын анықтау үшін жылу бөлгіштің оның ұзына бойынша бақылау аршуын жүргізуге, жылу бөлгішпен от таралған кезде механикаландырылған құралдардың көмегімен онда өртке қарсы бөліп тастау орнын құруға;

- тоңазытқыш камерлар мен жылу бөлгіштерді сөндіру үшін дымқылдаушы мен шашыранды су ағынып және көбікті пайдалануға міндетті.

Сауда орындарындағы және товар-материалдық құндылықтар қоймаларындағы өртті сөндіру

216. Сауда орындары және товар-материалдық құндылықтар қоймалары жобаланылуының күрделілігімен, кіретін жерлердің және терезе ойықтарының аз санымен, адамдардың және көп материалдық құндылықтардың шоғырлануымен, әртүрлі физикалық-химиялық қасиеттері бар материалдардың болуымен, олардың жануы және термикалық бұзылуы жарылыспен түтіннің тез пайда болуымен, уландырғыш заттардың бөлінуімен қатар жүретінімен сипатталады.

217. Сауда орындары және товар-материалдық құндылықтар қоймаларындағы өрт кезінде:

- полимерлік материалдардың жануы және жаңа жану ошақтарының пайда болуына себеп болатын қатар және төмен жатқан қабаттарға жанған еріген заттардың ағуы;

- металл конструкцияларының, сөрелердің құлауы және өтетін жолдарда үйінділердің пайда болуы мүмкін.

218. Сауда орындары немесе товар-материалдық құндылықтар қоймаларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- материалдық құндылықтардың орналасқан орынын анықтауға, тиеу, түсіру құралдарын пайдаланып оларды басқа жаққа әкетуге немесе қорғаудың шараларын қолдануға және ретін анықтауға;

- сөндіру үшін жабылмалы оқпандарды, шашыранды суларды, көбікті, от сөндіретін ұнтақтарды және инертті газдарды беруге;

- қасақана от қойған немесе басқа себептер болған жағдайда өрттің себебін анықтаудың шарасын қолдануға, тергеу - шұғыл топ келгенге дейін заттай айғақтардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

III Тарау

АШЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ ӨРТТЕРДІ СӨНДІРУ

Жеңіл жанатын, жанатын сұйықтар (жжс, жас) және сығымдалған көміртегі газдары (скг) сақталатын резервуарлық парктердегі өрттерді сөндіру

219. ЖЖС, ЖС және СКГ сақталатын резервуарлық парктердегі өрттер:

- резервуарлардың жарылуымен, мұнай өнімдерінің қайнауымен және атылуымен;

- от сөндіретін заттарды беруді қиындататын аймақтағы резервуар төбесінің құлауы нәтижесіндегі пайда болатын заттармен;

- технологиялық астаулармен, канализациялық және басқа жүйелермен оттың тез өршуімен және таралуымен;

- жану тасқындарының бағытан өзгертуімен және ауа райы жағдайына байланысты қызуымен сипатталады.

220. Өртті барлау кезінде, барлаудың жалпы міндеттерін орындаудан басқа:

- жанып жатқан және көрші резервуарлардағы ЖЖС және ЖС-ның мөлшері мен түрін, толу деңгейін, су көтермелерінің барлығын, резервуарлар төбелерінің бұзылу сипатын;

- қоршау үйінділердің жағдайын, резервуар бұзылғанда немесе атылу кезінде аралас құрылыстарды зақымдаудың қаупін, сұйықтардың мүмкін болатын ағу жолдарын;

- өндірістік және нөсер канализацияларының, байқау құдықтары мен су қақпақтарының жағдайы мен бар-жоғын;

- резервуарлардан мұнай өнімдерін айдаудың немесе шығарудың және оларды сумен немесе бумен толтырудың мүмкіндігін;

- өрт сөндіру құралдары мен қондырғыларының, сумен қамтамасыз ету және көбіктендіргіш заттардың баржоғын және жағдайын, көрші объектілерден көбіктендіргіш заттар тез жеткізудің мүмкіндігін анықтау керек.

Ескерту: Нұсқаулықтың 221, 222, 223 тармақтары орысша мәтінмен беріліп отыр.

221. Руководитель тушения пожара (РТП) в первую очередь обязан:

- организовать требуемое охлаждение горящего и соседних с ним резервуаров;

- создать на месте пожара оперативный штаб тушения пожара с обязательным включением в его состав представителей администрации и инженерно-технического персонала объекта;

- лично с помощью специально назначенных работников объекта и пожарной охраны принять меры к обеспечению необходимых требований техники безопасности;

- организовать подготовку пенной атаки;

- создать второй рубеж защиты по обвалованию соседних резервуаров с установкой пожарных автомобилей на дальние водоисточники и прокладкой резервных рукавных линий с подключенными стволами и пеногенераторами.

222. РТП лично контролирует ход подготовки пенной атаки, определяет места установки пеноподъемников, проверяет правильность расчетных данных на проведение пенной атаки.

223. Первоочередными действиями подразделений при тушении пожаров в резервуарах является подачи водяных стволов, а также включение стационарных установок для охлаждения горящего, а при необходимости и соседних резервуаров.

- Первые стволы подаются на охлаждение горящего резервуара, а затем на охлаждение и защиту всех соседних резервуаров с учетом направления ветра и

находящихся от горящего до двух нормативных расстояний. На горящий резервуар первые стволы необходимо подавать на наветренный и подветренный участки стенки резервуара. Для охлаждения горящего и соседних резервуаров, а также для защиты арматуры железобетонных резервуаров необходимо применять лафетные стволы и стволы "А". Охлаждение резервуаров объемом 10000 м в кубе и более целесообразно осуществлять лафетными стволами. Количество стволов определяется расчетом, но не менее двух для негорящего резервуара и не менее трех для горящего резервуара. Расчет для негорящих резервуаров ведется на половину периметра резервуара;

- при пожарах в подземных железобетонных резервуарах струями воды охлаждается только дыхательная и другая арматура, установленная на крышах соседних заглубленных железобетонных резервуаров;

- при горении нефтепродукта в обваловании охлаждения стенки резервуара, находящейся непосредственно в зоне, взаимодействия пламени, осуществляется из лафетных стволов. При этом необходимо охлаждать узлы управления коренными задвижками, хлопушками, а также фланцевые соединения;

- в период пенной атаки необходимо охлаждать всю поверхность нагретых стенок резервуара и более интенсивно в местах установки пеноподъемников. После того, как интенсивность горения в резервуаре будет снижена, водяные струи следует направлять на стенки резервуара на уровне нефтепродукта в нем и несколько ниже уровня для охлаждения верхних слоев горючего;

- охлаждаются резервуары непрерывно до ликвидации пожара и их полного остывания.

224. Көбік шашуды әзірлеу үшін:

- өрт орнында көбіктендіргіштің және көбікпен өрт сөндіру құралдарының қажетті резервін және есепті санын іске қосуға дайындау және шоғырландыру;

- көбік көтергіштердің қажетті санын орнату үшін бастық құрамындағы адамдар санынан бөлімшелер мен жауапты адамдарды тағайындау, олардың өз міндеттерін білетіндігіне көз жеткізу;

- барлық жеке құрамға көбікті беруді бастау мен тоқтатудың дабылын, резервуардан қайнау, мұнай, қара мұнай өнімдерінің атқылау қауіп болған кезде кейін кету дабылын белгілеу және хабарлау қажет.

225. Резервуарлық паркте өрт сөндірген кезде ӨСБ:

- қажетті күштер мен құралдар санын есептеп және оларды өрт болған жерге орналастыруға;

- объект инженер-техник қызметкерлерінің және әкімшілік өкілдерін қосып өртте шұғыл штаб ұйымдастыруға, резервуарлар мен коммуникацияларды өшіруге жауаптыларды, көбік шашуды әзірлеуге, жанып жатқан және көрші резервуарларды салқындатуға, техника қауіпсіздігін сақтауға жауаптыларды тағайындауға, өрт орнына көбіктендіргіштерді және жанар-жағар материалдарды жеткізуге, жеке құрамды демалыс орнымен және тамақпен қамтамасыз етуге;

- өрт сөндіру қондырғылары мен салқындатудың тұрақты құралдарын іске қосуға;

- қажетті жағдайларда жану аймағына жанған газдар мен жжс, жс-ның келуін тоқтату және жабу жөніндегі операцияны жүргізу үшін отқа оранған бекіту арматурасына оқпандардың көмегімен қызмет көрсетуші адамдардың жетуін қамтамасыз етуге;

- төгу-құю эстакадаларындағы өрт кезінде жылжымалы құраманы ажырату және қауіпсіз орынға әкетуді ұйымдастыруға;

- жанып жатқан және көрші резервуарларды "А" және лафетті оқпандармен салқындатуға;

- резервуарларды сөндіру және салқындату үшін көбікті немесе от сөндіретін ұнтақты құралдардың (резервті қоса есептегенде) есепті саны толық әзір болғаннан кейін беруге; ЖЖС, ЖС қоршау үйінділерінде жанған кезде көбік оқпандарын кідіріссіз енгізуге;

- бірнеше резервуар жанған және бір мезгілде сөндіруге күштер мен құралдар жетіспеген жағдайда барлық күштер мен құралдарды бір резервуарды сөндіруге жинақтауға және ондағы өртті сөндіргеннен кейін күштер мен құралдарды келесі резервуарларды өшіруге бағыттауға, сөнгенді салқындатуды тоқтатпай, сөндіруді көрші жанбаған резервуарларға, технологиялық жабдықтарға, үйлерге және құрылыстарға барынша қауіп төндіретінінен бастауға;

- сөндіруді жел жағынан жүргізуге, автокөтергіштерді, автосатыларды және көбік көтергіштерді пайдалануға;

- жжс және жс жанған жағдайда резервуарда пайда болған "қалталарда" көбік немесе ұнтақ оқпандарын пайдалануға, ал оларды резервуардың қабырғаларынан жасалған тесіктерден беруге;

- "ұнтақ-көбік" тәсілімен аралас өшіру кезінде жану ұнтақпен сөндіріледі, содан соң қайта жануды болдырмас үшін көбік беруге;

- қара мұнай өнімдері бар резервуарлардағы жану кезінде сыртқа шығудың алдын алудың шарасын дер кезінде қолдану мақсатында мұндай өнімдерінің қызуына және резервуардың түбінде судың бар-жоқтығын тұрақты бақылап тұруға, ара-тұра оны айдауға (ағызуға);

- сөндірумен айналыспайтын объектінің қызмет көрсететін адамдары мен өрт бөлімдерінің жеке құрамын қауіпті аймаққа (қоршау үйіндегі) жібермеуге, қауіпті аймақта (қоршау үйінде) адамдардың барынша аз болуы үшін оқпаншылдарды аластыруды бір мезгілде жүргізбеуге;

- жжс және жс-ның жер астындағы резервуарлары жанған кезде жанған және көрші резервуарлардың ұзына бойын белгілеуге;

- оқпандармен жұмыс істеуші жеке құрамды қорғау үшін жылу тепкіш костюмдерді пайдалануға;

- резервуардағы жануды сөндіргеннен кейін көбік беруді бірден тоқтатпай, резервуардың бүкіл сыртқы беті көбікпен жабылғандығын байқап отыруға;

- күштер мен құралдар жетіспеген кезде жжс және жс-ны сақтау мақсатында (айырықша жағдайларда) резервуардың қабырғаларын салқындатумен бірге олардан бақылау ағызуларын жүргізуге міндетті.

(Құжаттың 226-тарауы болмағандықтан, орысша мәтінді ұсынамыз)

226. На резервуарах с плавающей крышей в начальной стадии пожара при горении нефтепродукта в зазоре между стенкой резервуара и краем плавающей крыши к тушению следует приступать немедленно независимо от количества прибывших сил и средств.

227. Резервуарлардағы сығымдалған көмір сутегі газдарын сөндіру кезінде қуатты су оқпандарын беру, жанып жатқан және көрші ыдыстарды салқындату

үшін тұрақты лафетті қондырғылар мен суландыру жүйелерін қолдану, әсіресе, ыдыстардың бекіту арматуралары мен жеткізу құбыр өткізгіштерін қорғауға назар аудару қажет, ыдыстардағы қысымды төмендету мақсатында мүмкіндігінше жанып жатқан және көрші ыдыстардағы газдарды бос ыдыстарға ауыстырып құю немесе газдарды алаулатып сыртқа шығару керек.

Ыдыстар босаған кезінде мүмкіндігінше олардың инертті газдармен толтырылуын көздеу керек.

Газ және мұнай атқылауындағы өрттерді сөндіру

228. Атқылауды сөндіру жөніндегі өрт бөлімшелерінің барлық жауынгерлік іс-қимылы ашық газ және мұнай атқылауларын жою жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және қауіпсіз жүргізу туралы нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ ӨСБ құрамына кіретін ашық атқылауларды жою жөніндегі жұмыс штабы басшылығының шешімін және нұсқауын ескере отырып жүргізіледі.

Атқылауды жою жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізуге қызметтің әртүрлі: өрт, инженерлік, медициналық, сумен жабдықтау, көлік, жабдықтау, тамақтандыру және бақылау-өткізу түрлері қатысады.

229. ӨСБ мен шұғыл штабтың өрттегі негізгі міндеттері:

- скважина ауызында жұмыс істейтін адамдарды су ағындарымен қамтамасыз ету;

- сөндірудің тәсілін таңдау және күштер мен құралдардың қажетті санын анықтау;

- сөндірудің тактикалық жоспарын жасау, жауынгерлік учаскелерді анықтау, байланысты ұйымдастыру, жағдайдың өзгеруін ескере отырып жоспарға түзетулер енгізу;

- жұмыстың әрбір кезеңінде жауынгерлік учаскелер бойынша күштер мен құралдарды орналастыру, бөлімшелердің алдына міндеттер қою;

- басқа қызметтермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және өрт бөлімшелерінің табысты еңбегіне жағдай жасау үшін оларға міндеттер қою (сумен және жанар-жағар материалдармен, скважина ауызында дренаж

қондырғысымен, скважина аузына тарақты құбыр өткізгіштерді жүргізуді қамтамасыз ету, арнайы киімдермен және жеке басты қорғаудың басқа құралдарымен, тұрмыстық жағдайлармен және т.б. қамтамасыз ету);

- күнделікті техникалық қызмет көрсетуді, өрт автомобильдерін және өрт техникасының басқа түрлерін жөндеуді ұйымдастыру, жеке құрамның қауіпсіз жұмысы үшін жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.

230. Сөндіруге әзірлік мынандай іс-шаралардан тұрады:

- су мен от сөндіретін ұнтақтың есепті (әрбір кезеңде) қорын жасау;
- скважинаның аузын жабдықтардан, металл конструкцияларынан және басқа материалдардан тазарту;
- сөндіру құралдарын қанат жайдыру және жауынгерлік позиция мен өрт техникасы үшін алаң әзірлеу.

231. Әдетте, өрт орнын тазартуды су оқпандарының қорғауымен ашық газ және мұнай атқылауларын жою және алдын алу жөніндегі әскерлендірілген бөлімдердің жеке құрамы, тростпен, ілмектермен және т.б. жабдықталған таркторлардың, жүк тартатын және басқа техникалардың көмегімен объектінің техникалық қызметкерлері жүргізеді. Жекелеген жағдайларда, өрт орнын әдеттегі тәсілдермен тазалау мүмкін болмағанда, скважинаның аузындағы құралдардың бірқатар бөліктерін артиллерияның көмегімен атқылауға дейін барады.

232. Сөндіру құралдарын қанат жайғызу кезінде:

- ұзаққа созылған өрт кезінде суаттардан атқылаған жерге диаметрі 100-150 мм, металл құбыр өткізгіштерін жүргізіп, оларды бүркеншіктермен және сырғытпалармен жабдықтау;
- суаттарды, әдетте, 150-200 метр арақашықтықта күшті желге тік бағытта скважинаның аузынан қарама-қарсы екі бағытта қауіпсіз жерде орналастыру, әрбір суаттың қасынан 5-10 өрт автомобильдерін орналастыру үшін алаңдар жасау;
- әдетте, жоғары температура аймағында резинка араласпаған қысым шлангілерін салу, скважинаның аузына жақын аймаққа шлангі жолдарын салуды жер бетін су ағынымен алдын ала салқындатқаннан кейін жүргізу;

- жоғары температура жағдайында сөндірудің таңдап алынған тәсіліне байланысты жеке құрамның іс-қимылын қалыптастыру және оны жылу тепкіш қорғау костюмдерімен, шашыратқыш оқпандармен және басқа қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету қажет.

233. Мұнайды бұру мен жинау жөніндегі шаралар:

- қоршау үйінділерінің көмегімен мұнай мен конденсаттар таралуының шектелуі аймағы болуын;

- қоршау үйіндіден мұнай мен конденсаттарды жоғары температураны аймақтан тыс орналасқан арнайы ыдыстарға (қамбаға) бұруды;

- мұнай мен конденсатты әкету гидрожапқышты құбыр өткізгіштер немесе көбікпен толтырылған траншеялардың көмегі арқылы жүзеге асыруды;

- мұнайды ыдыстан (қамбадан) оның толуына байланысты жинап алуды және оны өрт аймағынан тасып әкетуді көздейді.

234. Өрт сөндіру үшін кезеңнен:

- ауыздағы жабдықтарды және скважина төңірегіндегі металл конструкцияларын салқындату, іргелес аймақтарды салқындату, жылу шығару екпінін басу мақсатымен атқылауларды суландыру, скважина ауызы төңірегіндегі мұнай және конденсаттың жану ошақтарын сөндіруден;

- атқылауды 1-кезеңдегі операциямен бір мезгілде жалғастырып тура сөндіруден;

- сөндіргеннен кейін скважина ауызын салқындату және атқылауды суландырудан тұрады.

235. Атқылаудың түріне байланысты сөндіруді төмендегі тәсілдердің бірімен жүргізу керек:

- скважинаға су айдау немесе превентор сырғытпасын және шығаруға қарсы қондырғының сырғытпасын жабу арқылы;

- газ-сумен сөндіру автомобильдерінің ағындарымен;

- арнайы қондырғылар мен ұнтақтарды импульсті берумен;

- лафеттік оқпандардың су ағындарымен;

- жарылғыш заттар оқ-дәрісінің қопаруымен;
- ұйтқыма ұптақ тәсілмен;
- өрт автомобильдерінің көмегі арқылы от сөндіретін ұнтақтармен;
- аралас тәсілмен;
- көлбеу скважина бұрғылап оған арнайы ерітінді айдаумен.

236. Превентордың ағытпасын жабу немесе суды ауыздағы қондырғы арқылы айдау кезінде ӨСБ:

- скважина ауызындағы құралдардың салқындатылуын қамтамасыз етуге;
- сырғытпаны немесе превенторды жабу жұмыстарын атқарушылардың барлығын сумен барынша ылғандандыруға және суағынымен тұрақты қорғауға міндетті.

237. Атқылауларды тұтастай су ағындарымен сөндіру кезінде ӨСБ:

- қажетті оқпандар санын есептеуге;
- оқпандарды скважина ауызынан 6-8 метр, бірақ 15 метрден қашық емес, жерге орналастыруға;
- су ағындарының оқпандарын атқылау алаулары шыққан жерге, содан соң әрбір 1-2 метрден кейін 30-50 секунда тоқтатып, үйлестіре және жайлап жоғары көтеруге;
- ағындарды басқару үшін бір жетекші оқпанды, қалған басқа оқпандар оған бағыт ұстауы үшін бөлінуге міндетті.

238. Газ-сумен сөндіру өрт автомобильдерінің, су беретін техникалардың және сақтық үшін тракторлардың қажетті санын есептеуге;

- бірнеше автомобильдер жұмыс істеген кезде үйлесімді жұмысты қамтамасыз етудің жауапты адамын тағайындауға;
- газ-сумен сөндіру автомобильдерін скважина ауызынан 15 метрден қашық емес жерге орналастыруға және оларды жұмысқа дайындауға;
- атқылау төңірегіндегі жанудың жекелеген ошақтарын сөндіру басталар алдында жоюға;
- сөндіруді двигательдің барынша айналысы кезінде жүргізуге міндетті.

239. Бапта көрсетілген басқа тәсілдермен сөндіру қолданылып жүрген нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

Жарылғыш заттар қопарылысымен өртті сөндіру басқа тәсілдер тиімсіз болғанда тиісті ұйымдардың келісімімен арнайы қабылданған жоспар бойынша жүзеге асырылады.

240. Газ-мұнай кәсіптеріндегі атқылауларды сөндіру кезінде ӨСБ жалпы міндеттерді атқарудан басқа:

- метеорологиялық жағдайға байланысты іс-қимылға өрт кемелерін енгізуге;
- мұнайдың жанған қабатының таралуын болдырмау үшін оның көлемін шектеу жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;
- теңіздегі жекелеген негізгі орындарға және эстакадалық алаңдар жанына өрт десанаттарын түсіру мүмкіндігін анықтауға;
- көмекке тартылған басқа қызметтермен өрт бөлімшелерінің өзара іс-қимылын ұйымдастыруға міндетті.

241. Жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ӨСБ:

- атқылауларды сөндіруде жұмыс істеушілер үшін қосымша дабылдар мен командаларды белгілеуге;
- жұмыс істеуші жеке құрамды шуға қарсы құралдармен қамтамасыз етуге;
- газ-сумен сөндіру автомобильдері жұмыс істеп тұрған кезде от сөндіру ағындарының әрекеті аймағына адамдарды жібермеуге;
- автомобиль ағыны жағына қарай жел бағыты бұрылған кезде газ-сумен сөндіру автомобильдерінің жұмыс істеуіне жол бермеуге;
- теңіз-мұнай кәсібіндегі атқылауларды сөндіру кезінде құтқару құралдарын (белдіктерді, шеңберлерді, жіптерді, т.б.) жинақтауға және құтқару қызметінің кезекшілігін ұйымдастыруға;
- жеке құрамның скважинада желдің ығы жағынан жұмыс істеуіне тыйым салуға міндетті.

Ағаш материалдары қоймаларындағы өрттерді сөндіру.

242. Ағаш материалдары қоймаларындағы өрттерді сөндіру кезінде:

- оттың тақтай үйінділерімен тез таралуы;

- ұшқын мен шоқтың нәтижесінде қойма аймағында және одан сырт жерлерде жаңа өрт ошақтарының тууы;

- үйілген тақтайлардың құлауы және бөренелердің домалауы;

- ағаш материалдарының және қалдықтарының үйілген тақтайларға және су көздеріне баратын және өтетін жолдарды басып қалуы;

- қатты жел кезінде жанып жатқан үйілген тақтайлардың ықтасынында жоғары жылу радиациясынан, қуатты конвективті ағындардың тууынан құйындардың пайда болуы мүмкін.

Ағаш материалдары қоймаларындағы өрттерді сөндіру үшін суды көп шығындау қажет.

243. Ағаш материалдары қоймаларындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- өрттің көлемін, оның жайылу жолын, оттың көрші учаскелерге және ағаш қоймаларының орамдарына, елді мекендерге және басқа объектілерге өту қаупін анықтауға, бұл үшін жүріп-тұру құралдарын (ірі өрттерде - тікұшақтарды) пайдалануға;

- өртті таратпаудың негізгі шептерін және оларда жұмыс істейтін оқпандардың шоғырлану мүмкіндігін (таратпау шептері ені 25 метрден кем болмайтын өртке қарсы бөліп тастау орны болуы мүмкін) анықтауға;

- су құбырының тұрақты лафетті оқпандарды және өрт машиналарын қамтамасыз ету мүмкіндігін анықтауға;

- өрт аймағынан көтеру-көлік механизмдерін басқа жаққа әкетуді ұйымдастыруға, ал қажет болғанда оларды өртке қарсы бөліп тастау орындарын, үйілген тақтайларды ашуға пайдалануға;

- іс-қимылға қуатты оқпандарды (лафетті), ұштары алынған "А" оқпандарын тез енгізумен бірге көрші үйілген тақтайларды, елді мекендерді және халық шаруашылығының басқа объектілерін қорғауға қосымша қол оқпандарын, бөліп тастау орындарын ұйымдастыруға, үйілген тақтайларды көбікпен жабуға, өрт сөндіретін алғашқы құралдары бар ерікті өрт дружиналары мүшелерінен бекетшілер қоюға және құрылыстар мен үйілген тақтайларды бөліп тастауға;

- ағаш материалдарды қоймасы өзен жағасына орналасқан кезде өртті сөндіру үшін жүзу құралдарын (кемелер мен катерлерді) пайдалануға;

- желдің бағыты мен күшін ескере отырып, шашыраған ұшқындар мен шоқтардан жаңа өрт ошақтары пайда болмас үшін оның шекараларын белгілеп, қажетті мөлшерде күштер мен құралдар беріп өзіндік жауынгерлік учаске ұйымдастыруға;

- от сөндіруші зат ретінде сөндірудің тиімділігін арттыратын (бишофит, ылғалдаушылар және т.б.) әртүрлі қосындылары бар суды қолдануға;

- өрт болған жерге от сөндіретін заттарды беруді қамтамасыз ететін тыл тобын құруға;

- ұшқындар мен шоқтардың мүмкін болатын шашырауы аймағында су көздеріне орнатылған өрт машиналарын қорғауды, қажет болған жағдайда қайтадан орналастыруды алдын ала белгілеуге;

- жеке құрамды жылу сәулесінің әсерінен қорғау үшін жылу тепкіш костюмдерді және жылудан қорғайтын экрандарды, өрт ұштары бар оқпандардан шашыранды суларды қолдануға міндетті.

244. Жұмыр ағаш үйінділерін және кесілген материалдарды сөндіруді үйілген тақтайлардың жоғарғы жағынан, ал күштер мен құралдардың қосымша шоғырлануында үйіп жинаудың сипатын ескере отырып екі шетінен бастау қажет.

245. Жанған байланысты ағаш ұнтақтарының үйінділерін сөндіру кезінде от сөндіруші заттар болжамды ошақтың үстінен беріледі. Сонымен бірге үйінділердің жану ошағын грейдерлермен, крандармен аршу ұйымдастырылады.

Технологиялық жаңқаның жанған үйінділерін сөндіру кезінде от сөндіруші заттар жанудың алдыңғы жағынан беріледі.

246. Өрт екі және одан да көп үйілген тақтайларға өткен кезде сөндіру өртке қарсы бөлулер жиектерінде қамтамасыз етіледі, жауынгерлік учаскелер жалынның таралу жылдамдығы аса үлкен бағыттарда өрттің даму жолы бойында ұйымдастырылады.

247. Өршіген өрт кезінде от сөндіретін заттарды негізінен жанбаған үйілген тақтайларға, үйінділерге, объектілерге беру қажет, оқпандардың бір бөлігі техникаларды суландыруға, оқпаншыларды қорғауға бөлінеді.

Өртке қарсы бөліп тастау орнының жиегіндегі өртті сөндіру кезінде үйілген тақтайлардың төбесі мен беті тез қататын көбіктермен жабылады.

Үйілген және тақталанған мақталардағы өрттерді сөндіру

248. Үйілген және тақталанған мақталар жанған кезде:

- оттың тақталар мен бумалар арасында тез таралуы;
- бумаларды байлаған белбеулердің үзілуі, бықсыған мақта бөліктерінің көрші тақталарға, құрылыстарға ұшуы;
- үйінділерде қазылған желдеткіш туннельдер арқылы оттың тез таралуы мүмкін.

249. Үйілген немесе тақталанған мақталардағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- жанбаған тақталар мен үйінділерге от сөндіретін заттар беруге және оларды кейіннен дымқылдай отырып брезентпен жабуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ сөндіру құралдары бар бекетшілер қоюға және бақылау жіберуге;
- сөндірумен бірге механизация құралдарын пайдалана отырып жанған тақталарды аршуды және мақта бумаларын қауіпсіз жерге әкетуді ұйымдастыруға, тақталарды аршу кезінде әрбір буманың сумен дымқылдануын, ал бықсыған шағын ошақтардың орнын үстінен алып тасталғандығын бақылауға;
- сөндіруді дымқылдағыш су ертінділерін пайдаланып, ағынды тақтаның бетіне, содан соң бумалар арасындағы туннельдер мен саңылауларға бағыттай отырып "А" оқпандарымен жүргізуге;
- шитті мақта жанған кезде тек үйінділердің үстінен ғана оларды қолдағы бар материалдармен бір мезгілде жаба отырып, туннельдерді оқпандармен қорғауды қамтамасыз етуге;
- шитті мақтаның жануын сөндіргеннен кейін ерікті өрт дружиналарының, жұмысшылардың және қызметшілердің көмегімен, туннель қазатын машиналарды, металл айырлар мен тырмауыштарды пайдалана отырып, үйіндінің үстіндегі жанғандарын тарақтау жөніндегі жұмыстарды бірден ұйымдастыруға міндетті.

Шымтезек алқаптары мен кен орындарындағы өрттерді сөндіру

250. Шымтезек алқаптары мен кен орындары жанған кезде:

- шымтезек алқабының бетімен оттың тез таралуы, ал қатты желде - жанған бөліктердің айтарлықтай қашықтыққа ұшып түсуі, сөйтіп жаңа ошақтардың пайда болуы;

- өрттің елді мекендерге, объектілерге, ауыл шаруашылығы жерлеріне, орман алқаптарына, шымтезектақталары мен тізбектеріне таралуы;

- оттың шымтезек массивінің қойнауына енуі;

- үлкен аймақты қамтыған көп түтіннің бөлінуі;

- оттың тақталардың ішімен және оның сыртқы бетімен, сондай-ақ әсіресе желдің бағыты бойынша ұшқындардың басқа тақталарға ұшып түсуі мүмкін.

251. Шымтезек алқаптары және кен орындарындағы өртті сөндіру кезінде негізгі күштер мен құралдарды:

- елді мекен;

- объект;

- негізгі шым тезек массиві (өндіру алқаптары);

- орман массиві мен ауыл шаруашылығы жерлері жағынан шоғырландыру қажет.

252. Шымтезек алқабының және кен орнының өртін сөндіру кезінде ӨСБ:

- халық депутаттары жергілікті кеңестері өкілдерінің қатысуымен өртте шұғыл штаб құруға;

- оттың жылжу бағыты мен шапшаңдығын, шымтезек жігінің қалыңдығын және оның біртектілігін, айырықша қауіпті учаскелерін, сондай-ақ құрылыстардың бар-жоқтығын анықтауға;

- су көздерінің барлық түрлерінің бар-жоқтығын, олардың көлемін және өртті сөндіруге пайдаланудың мүмкіндігін анықтауға; қажет болғанда жаңа суаттар салу және арналардағы су деңгейін көтеру арқылы су қорын жасауға;

- оттың таралуын тоқтатуға қажетті шекті шекараларды белгілеуге, өрт сөндіру мақсатына қайта жабдықталған және ыңғайланған техникаларды пайдалануды қамтамасыз етуге және оларды белгіленген шекаралар бойына бөлуге;

- қалыптасқан жағдайға сәйкес барлық өрт бөлімшелерінің, сөндіруге тартылған жұмысшылар мен тұрғындардың іс-қимылын үйлестіруге;

- өрттің елді мекендерге, объектілерге, мәдени дақылдар алқаптарына таралу қаупі тұрғанда оларды қорғауды ұйымдастыруға, бұл үшін қажетті мөлшерде өрт машиналары мен адамдарды бөлуге;

- жұмысшы поселкелеріне, сондай-ақ шымтезек кәсіпорындарына немесе кен орындарына, оттың мүмкін болатын таралу жерлеріне тұрғындардың және ерікті өрт дружиналарының күшімен тәулік бойы бекет және бақылау қызметтерін ұйымдастыруға;

- жұмысшы поселкесінің халқын басқа жаққа әкету кезінде тиісті жоспарды басшылыққа алуға міндетті.

253. Шымтезек алқаптарын сөндірудің негізгі тәсілі жанған аймақты арасында топыраққа немесе арасанды суға дейін қазу су оқпандарын беру болып табылады, фрезерлі шымтезекті сөндіру кезінде су шашушы оқпандарды беру, жанған жерге су құю, сондай-ақ шымтезекті культиваторлармен дымқыл қабатына дейін қопсыту, соңынан оны бульдозерлермен, катоктармен немесе басқа техникамен таптау қолданылады.

254. Шымтезек массивінің жануы кезінде адамдардың және техниканың қорысқа, арнаға батып кетуін, қалың түтінденген аймаққа тап болдырмас үшін қауіпсіздік шараларын сақтауды қамтамасыз ету қажет.

255. Шымтезек тақталарындағы өртті сөндіру кезінде ӨСБ:

- жанбаған тақталарды шашыранды ағындарымен мол дымқылдау жолымен, дымқыл шымтезек массасын лақтыру және ерікті өрт дружиналарының құрамынан бекетшілер қою арқылы қорғау ұйымдастыруға;

- жанған кесек шымтезек тақталарын күшті ағындармен, фрезерлік шымтезек тақталарын - ылғалдандырғыш шашыранды су ағындарымен бір мезгілде

шымтезектің жанған қабаттарын алып тастап (тарақтап) сөндіруге;

- сөндіру үшін тізбектегіш машиналарды қолдануға;

- өртті құрсауға ала отырып оқпандарды жанбаған тақталар жағынан беруге;

- өртке қарсы бөліп тастау мен тақталарды аршуды жүргізу үшін шымтезек кәсіпорынында бар техникалық құралдарды пайдалануға міндетті.

256. Шымтезек тақталарындағы өртті сөндіргеннен кейін аймаққа бекетшілер қойып, бақылау орнату керек.

Орман өрттерін сөндіру

257. Орман өрттері оттың кең көлемге тез тарауымен, қалың түтінденуімен және көп жылу бөлуімен сипатталады.

Орман өрттерінің:

- үстіңгі;
- төменгі түрлері болады.

258. Әдетте, орман өрттерін барлау жерді білетін адамның және орман шаруашылығы мамандарының еріп жүруімен жүргізілуге тиіс. Кең көлемді өрт кезінде барлау және оттың таралуы мен оны сөндірудің барысына бақылау картографиялық материалдарды пайдалана отырып тікұшақтың, ұшақтың және автокөліктің көмегімен жүргізілуі тиіс.

259. Барлау кезінде:

- өрттің түрі мен көлемін, жер бедерін, оттың тарау жылдамдығы мен бағытын, оны өшіру кезеңінде өрттің күткендей дамуын, оның елді мекендерге, ағаш дайындау объектілеріне, шымтезек алқаптарына таралу мүмкіндігін;

- өрттің барынша шапшаң дамуы мүмкін учаскелерін (қылқан жапырақты жас ағаштар, орманның қоқысты учаскелері, өртке қауіпті дақылдар алаңы, ағаш материалдарының уақытша қоймалары, шымтезек алатын жер және т.б.);

- отты тоқтатуға көмектесетін мүмкін болатын кедергілер және қорғаныс ұйымдастыру үшін тиімді шептерді (жолдар, соқпақтар, өзендер, жыралар, бұлақтар, алаңқайлар, дымқылды ойпаттар және т.б.);

- механикаландырылған өртті таратпау құралдарын қолдану және сөндіру мақсатында өрт шекарасына, орманның шетіне жақындаудың жолдары мен мүмкіндігін;

- табиғи су көздерінің пайдалануға бар-жоқтығын және мүмкіндігін;
- қарсы от қою үшін тірек желілерін анықтау қажет.

260. Орман өрттерін сөндіру кезінде негізгі күштер мен құралдарды жағдайға байланысты:

- елді мекен;
- ағаш алатын жер;
- орман массиві;
- өндірістік және агроөнеркәсіптік объектілер жағынан шоғырландыру қажет.

261. Орман өрттерін сөндіру үшін мынандай сөндіру тәсілдері қолданылады:

- үстіңгі өрт жағдайында: оттың таралу жолында өртке қарсы бөліп тастау орнын (алаңқай) құру және өрттің даму шапшаңдығын ескере отырып, таңдап алынған арақашықтықтан қарсы от қою;
